Мұрат БАҚТИЯРҰЛЫ, *Парламент Сенатының депутаты:*

«ЖАҢА ҚАЗАҚСТАННЫҢ БАҒЫН ӘДІЛ САЙЛАУ АШАДЫ»

5-бет

ЗАҢ газеті

zangazet@mail.ru

№32 (3460) 22 сәуір 2022

ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

«ТАЗА СУ АЙДЫНДАРЫ» ТАБИҒАТ ҚОРҒАУ АКЦИЯСЫ ӨТТІ

3-бет

МЕМЛЕКЕТ ТІРЕГІ – ЖАСТАР

6-бет

БІЛІМ МЕН БОЛАШАҚҚА ЖОЛ АШҚАН ҚазҰУ

8-бет

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

УТИЛИЗАЦИЯЛЫҚ АЛЫМ ШЕШІЛМЕЙТІН МӘСЕЛЕГЕ АЙНАЛЫП ТҰР

Парламент пен Үкімет жиындарында жиі көтерілгенімен, әлі күнге дейін күрмеуі шешілмей келе жатқан мәселенің бірі – утилизациялық алымға қатысты. Ондағы ахуал шешілудің орнына уақыт өткен сайын қордаланып бара жатыр. Мәселен, Парламент Мәжілісінің депутаттары С. Ертаев пен А. Рау өткен аптада Премьер-Министрдің бірінші орынбасары Роман Склярға шаруалардың қолындағы утилизациялық алымнан алынған жарамсыз сертификаттарға байланысты сауал жолдады.

(Соңы 3-бетте)

КЕЗДЕСУ

МИНИСТР АЛМАТЫ АКАДЕМИЯСЫНА КЕЛДІ

Жуырда Ішкі істер министрі М.Ахметжанов Алматыға жұмыс сапарымен келді. Шара барысында М.Есболатов атындағы Алматы академиясында жеке құраммен және академия тыңдаушыларымен, курсанттармен кездесу өткізді.

Ішкі істер министрі оқу процесіне енгізілген заманауи ақпараттық технологияларға қызығушылық танытып, жеке құрам мен ғылыми қызметкерлердің алдында сөйлеген сөзінде оқу орнының жаңа форматтағы кадрларды оқыту мен тәрбиелеудегі рөлі мен жауапкершілігін ерекше атап өтті.

– Қылмыстың алдын алуда оның жасалу себептеріне талдау жасаудың маңызы зор. Біз бұған Ішкі істер министрлігінің жүйесін толықтай цифрландыру және оңтайландыру арқылы қол жеткіземіз, – деді министр.

Сондай-ақ, ол бүгінгі күннің талабы – бюрократиядан арылу екеніне де тоқталды.

Ішкі істер органы – халықпен бетпе-бет жұмыс істейтін құрылым. Марат Мұратұлы биылғы қаңтар оқиғасы кезінде полиция қызметкерлері жауапкершілік пен антқа адалдықтың үлгісін көрсеткенін, оны Мемлекет басшысының да бағалағанын ерекше атап өтті.

Ішкі істер органдары үшін білікті де білімді кадрлар даярлауда ведомстволық оқу орындарының атқаратын рөліне тоқталған министр қызметкерлер еңбегін ынталандырудың маңызды екеніне назар аударды. Ғылым мен тәжірибені ұштастыруда тәжірибелі мамандарды оқытушылыққа тарту қажеттігін де айтты.

«Біз бүгін жаңа мемлекет құруға жаңа міндеттермен кірістік. Мемлекет басшысының жаңа Қазақстан құрудағы басты талабы – бәсекеге қабілетті мамандар даярлау. Демек, Алматы академиясы осы талап үдесінен шығады деген сенімім мол», – деді М.Ахметжанов.

Сондай-ақ, курсанттар мен тыңдаушылардың оқуы мен өмір сүруіне жасалған жайлы жағдаймен танысты және Халық қаһарманы Ғазиз Байтасовты еске алып, Мақан Есболатовтың ескерткішінің алдына шырша отырғызды.

Гүлнар МАҒЗҰМОВА

КӨКЕЙКЕСТІ

ЖАСЫЛ ЭКОНОМИКА ӨМІРІМІЗДІ ЖАҚСАРТА МА?

«ЖАСЫЛ ЭКОНОМИКАҒА» КӨШУ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫНЫҢ ҚАБЫЛДАНҒАНЫНА БИЫЛ МАМЫР АЙЫНДА 9 ЖЫЛ ТОЛАДЫ. ОЛ ҚАЗАҚСТАННЫҢ 2050 ЖЫЛЫ ӘЛЕМНІҢ БӘСЕКЕЛЕСТІККЕ ҚАБІЛЕТТІ ОЗЫҚ 30 ЕЛДІҢ ҚАТАРЫНА ҚОСЫЛУ ЖӨНІНДЕГІ СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҚСАТҚА ҚОЛ ЖЕТКІЗУІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕДІ ДЕП ЖОСПАРЛАНҒАН.

Атап айтқанда, ЖІӨ-ді қосымша 3 пайызға ұлғайтып, 500 мыңнан астам жаңа жұмыс орындарын құруға, өнеркәсіп пен қызмет көрсетулердің жаңа салаларын қалыптастыруға, халық үшін сапалы өмір сүру стандарттарын қамтамасыз етуге мүмкіндік бермек.

(Соңы 3-бетте)

МІНБЕР

ӘДЕП КОДЕКСІ ӘРДАЙЫМ ЖАНЫМЫЗДА

«Судья – бұл сөйлейтін заң, ал заң – мылқау судья» дейді данышпан Марк Цицерон. Заңды алмастырып отырған судьяның құқықтық қоғамдағы орны бөлек. Мемлекет атынан үкім етіп, шешім шығару құзыреті берілген судьяның білімі мен білігіне ғана емес, парасат-пайымына, көпшілік алдында өзін ұстау мәдениетіне, әдеп нормаларына жоғары талап қойылған. Ал мұндай әдеп қағидаларының жиынтығы арнайы кодекске топтастырылып 2016 жылдың 21 қарашасында қабылданған болатын. ҚР судьяларының VII съезінен бастау алған Әдеп кодексінде қазылардың төрелік алаңындағы кескін-келбетімен қоса, сот залынан тыс уақыттағы қоғамда өзін-өзі ұстау мәдениетінің жалпыға ортақ стандарттары қамтамасыз етілген. Кодекстегі қағидалар жұмыс істеп жүрген судьялар мен отставкадағы судьялардың бәріне ортақ.

Бұл кодекс әрбір судьяның күнделікті жанынан тастамайтын қойын кітапшасына айналған. Мұндағы талаптар мүлтіксіз сақталуы керек. Ең бастысы, судья осы биік мәртебеге лайық болуы тиіс. Көпшілік судья лауазымына іріктеудің өте күрделі екенін жақсы біледі. Адам тағдырын шешетін, елдегі әділдік пен құқықтық тазалықтың кепілі болып отырғандықтан судья болғысы келетін үміткерлерге қатаң талаптың қойылуы дұрыс. Сынақтың күшейтілгеніне қарамастан судьялықтан үміттілер саны бір мысқал да кеміген емес. Бірақ, таңдау тек мықтыларға жасалатынын байқап жүрміз. Ал енді осындай үлкен іріктеуден көптің арасынан судьялыққа өткен азаматтардың сот саласының беделіне нұқсан келтірмей, абыройына көлеңке түсірмей қызмет етуге міндетті.

Сот саласы халықпен етене жұмыс істейтін, барлық іс-әрекеті алақандағыдай көрініп тұратын құрылым. Судьяның сөйлеген сөзі, киім киісі, дауыс ырғағы, өзін-өзі ұстауы да сын садағына ілінетіні сондықтан. Соған орай судьялар тұрмыстық жағдайларда, қоғамдық орындарда өзінің әрекеттері мен мінез-құлқын әрқашан бақылауы қажет. Өзгелер төзбейтін, басқалар шыдамайтын оқыс жағдайдың өзінде судьяға сабырлық танытып, адамдық қалыбын сақтау маңызды.

Әдеп кодексінің 2-бабында көрсетілгендей «Судья өзінің кәсіби қызметін атқарған кезде заңға бағынуға және кез келген сырттан ықпал етуге жол бермеуге, кімнен шыққандығына қарамастан қорқытуға, қысым жасау мен заңсыз ықпал етуге, сот процесіне тікелей немесе жанама араласуға қарсы тұруы қажет». Өйткені, Ата Заңымыздың өзінде судьяның тәуелсіздігіне кепілдік берілген. Ар мен заңды ғана басшылыққа алып шешім шығарған судьяның мерейі әрқашан үстем. Ұстанымына берік, заң үстемдігі жолында адал еңбек еткен судьяның соттың дамуына қосар үлесі қомақты. Бұған қоса, төрелік алаңында тер төгіп жүргендер неміс ойшылы Иоганн Гетенің: «Жазалай алмайтын судья ақыр соңында қылмыстың серіктесі болады» деген терең мағыналы сөзін де үнемі жадында ұстауы шарт. Бұл қазыға принципшілдік тән екенін, заңды қолданғанда қатаңдық танытудың да, босаңдық көрсетудің де залалы болатынын айғақтайды.

Бүгінгідей ақпараттық заманда Судья әдебі кодексінің әр бабын санамызда жаңғыртып, үнемі қайталап отырудан ұтарымыз көп. Себебі, ашықтық пен жариялылықты желеу етіп, судьяның ісін қаралайтындар, сөзінен ілік іздейтіндер аз емес. Ақиқат тек сот алаңында айтылуы керектігін білсе де, соңғы кездері әлі үкімі шықпаған іске қатысты болжам жасап, судьяға әлеуметтік желі, бұқаралық ақпарат құралдарының көмегімен ықпал етуге ұмтылушылар да кемімей келеді. Мұндай келеңсіздіктен құтылудың жолы – судьяның білімі мен ішкі әдебіне тікелей байланысты. Процеске қатысушыларда судьяның іс бойынша мүдделілік танытқаны, заңды және әділ шешім қабылдаудан қорқатындығы туралы еш күмән тумауы керек. Сот процесін жүргізудің жоғары мәдениеті, судьяның процесс кезінде, одан кейін де сыпайы және қалыпты, эмоциясыз мінез-құлқы ғана азаматтардың судья қабылдаған шешімнің әділдігі мен заңдылығына сенімін арттырады. Ал бұл талаптардың негізі Әдеп кодексінде тұр.

Бауыржан ТОҚБАЕВ,
Жаңаөзен қалалық сотының төрағасы
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ

БІЛГЕН ЖӨН

МҰРАНЫҢ АШЫЛУЫ ЖӘНЕ ҚАБЫЛДАУ УАҚЫТЫ

Қазіргі таңда мұра, мұрагерлік бойынша туындайтын даулар сот тәжірибесінде көбейді. Бұл даулар қайтыс болған азаматтың жақын туыстарының өз құқықтарын уақытылы иеленбеуінен туындап жатады. Яғни, негізгі себеп мұрагерлердің өз құқығы мен заңды мүдделерін білмеуінен туындайды.

Г.ОРАЛБАЙ
Ақтөбе қалалық сотының судьясы

Мұра азаматтың қайтыс болуы немесе оны қайтыс болды деп жариялау салдарынан ашылады. Мұра қалдырушыны қайтыс болды деп жариялау туралы сот шешімі күшіне енген күн мұраның ашылу уақыты болып табылады. Егер бірінен кейін бірі мұрагер болуға құқылы адамдар бір күнде қайтыс болса, олар бір мезгілде қайтыс болған деп танылады және олардың әрқайсысынан кейін мұрагерлік ашылады да, мұрагерлері шақырылады. Мұра қалдырушының соңғы тұрған жері, ал егер ол белгісіз болса – мүліктің немесе оның негізгі бөлігінің орналасқан жері мұраның ашылу орны болып табылады.

Мұрагерді лайықсыз мұрагер деп тану, мұраны иесіз деп тану, мұраны қабылдау, мұрадан бас тарту үшін мерзімді ұзарту немесе қалпына келтіру туралы талап қоюлар мұраның ашылған жері бойынша беріледі. Мұра ашылған кезде тірі жүрген, сондай-ақ, мұра қалдырушының тірі кезінде іште қалған және мұра ашылғаннан кейін тірі туған азаматтар өсиет және заң бойынша мұрагер бола алады.

Мұрагердің мұрадан бас тартуы, басқа мұрагердің мұраны қабылдамауы немесе Азаматтық кодекстің 1045-бабында белгіленген негіздер бойынша мұрагерді мұраны қабылдаудан шеттету салдарынан мұрагерлік туындайтын басқа тұлғалар мұрагерлікке құқықтары туындаған күннен бастап алты ай ішінде мұраны қабылдауға құқылы. Яғни, заң бойынша қайтыс болған азаматтың жақын туыстары, олар болмаған жағдайда екінші, үшінші кезектегі туыстары жоғарыда айтылған әрекеттерді жүзеге асыруы қажет.

Ал, қайтыс болған азаматтың мұрагері болмаған жағдайда мұра ашылғаннан кейін бір жыл өткенде жергілікті атқару органы мұраны мемлекеттің меншігіне қабылдау бойынша шаралар жүргізуі тиіс. Алайда, мұрагерлер құқығын білмей, алты ай мерзімді өткізіп алады. Сол себепті нотариус немесе уәкілетті лауазымды тұлғаға мұраны қабылдау туралы немесе мұра алу құқығы туралы куәлікті беру туралы арызды қанағаттандырудан бастартып, сотқа жүгіну қажет екендігін, мұраны қабылдау мерзімін қалпына келтіру керектігін түсіндіреді. Сотта мұндай талаптарға көп жағдайда дау туындамайды, себебі қайтыс болған азаматтың мұрагерлері мұраны қабылдау туралы талапты мойындайды. Осы себепті, аталмыш дауды реттейтін заңнамаға өзгеріс енгізу қажеттігін және қайтыс болған азаматтың туыстары арасында дау болмаған жағдайда нотариус немесе уәкілетті лауазымды тұлғаға мұраны қабылдау мерзімін қалпына келтіру құқығы берілуі қажет деп санаймын.

ӘКІМШІЛІК ӘДІЛЕТ

ХАЛЫҚТЫҢ МҮДДЕСІН ҚОРҒАЙТЫН ЗАҢ

Зәуре ЖАРЫЛҚАСЫНОВА,
Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының судьясы

Жаңа заң, жаңа өзгерістердің бастауында халықтың талап-тілегі тұрады. «Халық қаласа, хан түйесін сояды» деген бабалар сөзінің өзі қай кезде де көптің пікірі маңызды екенін айғақтаса керек. Былтырғы жылдан бері тәжірибеге енгізілген әкімшілік әділет институтының бастауында да халықтың назы, базынасы жатыр. Өйткені, Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс қабылданғанға дейін жария-құқықтық дауларда қарапайым азаматтар үнемі жеңіліс тапты. Сот саласындағы статистикаға назар аударсақ, сол тұста мемлекеттік органдар әрекетіне арызданғандардың 80 пайызы әкімшілік органдардан жеңіліс тапқан. Бұл заңды да.

Олай дейтініміз, біріншіден мемлекеттік орган секілді қарауына көптеген білікті мамандарды, заңгерлерді топтастырған алып құрылымға қарсы тұру қарапайым азаматтарға оңай болған жоқ. Оның үстіне, осы дауларды реттейтін Азаматтық процестік кодексте сот екі тарапқа тең қарайтын. Яғни, сотта кімнің дәлелі анық әрі көп болса, соның пайдасына шешім шығарылатын. Бұл жерде де өз заңгері бар, заңнан сауатты, сот практикасын білетін әкімшілік органдардың дәлел жинау, өз сөзін уәждау жағынан екінші тараптан озық тұратыны түсінікті. Соған орай мемлекеттік органдармен соттасып, тауы шағылған азаматтар өз базынасын Президентке айтып, осы мәселеге биліктің назар аударуын сұраған. Нәтижесінде Мемлекет басшысы өз жолдауында: «Азаматтарымыз жария-құқықтық дауларда билік органдарының шешімдері мен әрекеттеріне қатысты шағым түсіру кезінде көп жағдайда теңсіздік ахуалында қалып жатады. Олардың мүмкіндіктерін мемлекеттік аппараттың ресурстарымен салыстыруға келмейді. Сондықтан осындай теңсіздіктерді болдырмау мақсатында дауларды шешудің ерекше тетігі ретінде әкімшілік әділет құрылымын енгізу қажет», – деп тапсырып, әкімшілік әділет институтының жандануына серпін берді.

Бүгінде Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің қолданысқа енгізіліп, жаңа әкімшілік соттардың қызметіне кіріскеніне он айдың жүзі болды. Осы аралықта жаңа соттардың жұмысы, жаңа заңнаманың артықшылығын түсіндіріп, таныстыру бағытында ауқымды насихат жұмыстары қолға алынды. Азаматтар өз құқығын кедергісіз қорғауы үшін ақпараттандыру шаралары бір сәт те тоқтамауы керек. Өйткені, құқықтық сауаты жоғары халық өз мүддесін ешкімге таптатпайды.

Жаңа заңнаманың артықшылықтары туралы айтқанда жария-құқықтық қатынастардан туындайтын даулардың ретіне тоқталған артықтық етпейді. Бұл азаматтар мен кәсіпкерлердің әкімшілік органдардың шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) байланысты туындаған даулар. Көпшілік әкімшілік органдар дегенді тек мемлекеттік органдар деп тар шеңберде қабылдап жатады. Ал бұл қатарға жергілікті өзін-өзі басқару органдары, мемлекеттік заңды тұлғалар, адвокаттар алқасы, нотариустар мен сот орындаушылар да кіретінін ұмытпауымыз керек. Сәйкесінше, әкімшілік талап арыз осы тізбеленген мекеме қызметіне қатысты беріледі. Себебі, олардың шығарған актілері де мемлекеттік заң күші бар құжат болып табылады. Бұл – халықтық заң. Олай дейтініміз, кодексте жеке және заңды тұлғалардың өз құқығын қорғауына барлық мүмкіндік жасалған. Ал кодекске сай мемлекеттік органдар жеке және заңды тұлғаларға қарсы талап арыз бере алмайды.

Жаңа заң аясында судьяға ерекше өкілеттіктер мен құқықтар берілгенін де азаматтардың қаперіне саламыз. Яғни, енді судьялар сотта белсенділік танытып, азаматтардың талап арызын қалыптастыруға, дұрыстауға көмектеседі. Сонымен бірге, әкімшілік процеске қатысушылардың ұсынған дәлелдемелерімен және әкімшілік істің өзге де материалдарымен шектеліп қалмай, өз еркімен қажет деп санаған дәлелдемелерді жинауға атсалысады. Судьяның әкімшілік істің нақты және заңды тұстарына жататын құқықтық негіздемелер бойынша өзінің алдын ала құқықтық пікірін айтуына құқылы болуы да басты ерекшеліктің бірі. Бұл тетік тараптардың өз жағдайын салмақтап, өзара келісімге келуіне, істі медиациямен бітіруіне септігін тигізері талассыз.

Кодексте «сот талқылауының қисынды мерзімі» деген қағидаттың енгізілуі судьяның істі қарау мерзімін бұзуына жол бермесе, ақшалай өндіріп алу мәжбүрлеу шарасының қолданылуы сот шешімдерінің дер кезінде орындалуына септігін тигізеді.

Былтырғы жылдың шілдесінен бері жұмыс істеп жатқан әкімшілік соттар біртіндеп тәжірибе қалыптастырып, өз ісін ширатып келеді. Істердің басым бөлігінде қарапайым азаматтардың басым түсуі қоғамның жаңа соттарға, жаңа кодекске деген сенімін нығайтары анық.

ҚҰЛАҚҚАҒЫС

ЖЕР УЧАСКЕСІН АЛУ ҮШІН КЕЗЕККЕ ТҰРУ ЖЕҢІЛ

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Жеке тұрғын үй құрылысы (бұдан әрі – ЖТҚ) үшін жер учаскелерін алуға кезекте тұрғандардың бірыңғай тізілімін әзірлеуді тапсырған болатын. Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі мен Ауыл шаруашылығы министрлігі бірлесіп, ЖТҚ-ға жер учаскесін алуға кезекке қою процесін автоматтандыру мәселесін пысықтады. Ал әкімдіктер «Жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастры» жаңа ақпараттық жүйесінің Жария кадастр картасына жүктеу үшін бұдан бұрын кезекте тұрғандар туралы жиналған ақпаратты ұсынды.

Бұған дейін жер учаскесін алу кезегіне тұру үшін қазақстандықтар әкімдіктерге қағаз жүзінде өтініш тапсырып, кезекке тұру процесі 12 күн уақыт алатын. Жаңа жүйенің арқасында қазақстандықтар кезекке тұрып, eGov.kz-те оның жылжу барысын өз бетінше бақылап, жер кезегіне бұдан бұрын берілген өтініштің деректерін өзектендіре алады. Осылайша, әрбір қазақстандық алуы тиіс 10 сотық жерді алу процесі барынша ашық болады. Ал автоматизация арқасында бұл процеске 5 минут қана жұмсалады.

«Әкімдіктер берген тізімді біз цифрландырып, электронды форматқа ауыстырдық. Жер теліміне кезекті цифрландыру – сыбайлас жемқорлықты жою және жерді игеру үдерісіне жасалған ілгері қадам. Енді кәмелет жасына толған әрбір қазақстандық үйден шықпай-ақ, 10 сотық жерге eGov.kz арқылы өтінім бере алады. Тағы бір жаңашылдық – енді таңдаған аймақтың әкімдігіне бармай-ақ, еліміздің кез келген өңірінен жер теліміне өтінім беруге болады», – деп түсіндірді ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі вице-министрі Әсет Тұрысов.

Қызметті пайдалану үшін eGov.kz порталына кіріп, «Жылжымайтын мүлік» – «Жер қатынастары» бөлімінен «Жеке тұрғын үй құрылысына жер учаскесін (10 сотық жер) алуға кезекті қарау немесе кезекке тұру» қызметін таңдау қажет. Әрі қарай өтініш түрін таңдау керек. Бүгінде порталда өтініштің үш түрі бар:

- кезекке қою;
- деректерді өзектендіру;
- кезектен шығару.

Егер сіз жер учаскесін алу үшін кезекке алғаш рет өтініш білдіріп тұрсаңыз, онда өзіңіз жер алуды қалайтын аймақты таңдайсыз. Егер сіз бұдан бұрын жер кезегіне тұрған болсаңыз, бірақ ол туралы ақпарат таппасаңыз, онда «Өзектендіру» өтініш түрін таңдауыңыз қажет. Кезекті растау үшін қолдағы бар құжатты жүктейсіз. Сондай-ақ, кезек ретін www.map.gov4c.kz/egkn/ сайтында ЭЦҚ арқылы авторизациядан өтіп, бақылап отыруға болады.

Бұдан бұрын алған жер кезегінен бас тарту үшін «Шығару» өтініш түрін таңдау қажет. Егер азамат бұдан бұрын мемлекеттен тегін жер телімін алған болса немесе елдімекенде ЖТҚ үшін бос жер телімі болмаса, жер кезегіне өтініш бере алмайды. Бос учаскелерді беру жөніндегі шешімді әкімдіктер қабылдайды. Учаскелер алаңдардың дайын болуына қарай немесе елдімекеннің бас жоспарына сәйкес, бос аумақтар болған жағдайда берілетін болады. Егер бұрын бір өңірде жер теліміне кезекке тұрған болсаңыз, ал қазір өзге аймақтан жер алуға ниеттенсеңіз, 10 сотыққа кезек реті ертерек келген өңірден жер бір рет қана берілетінін, қалған өтініштердің күші жойылатынын ескеру қажет.

Амантай ЕГЕМБЕРДИЕВ,
«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕ АҚ
Түркістан облысы бойынша филиалының ресми өкілі

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

УТИЛИЗАЦИЯЛЫҚ АЛЫМ ШЕШІЛМЕЙТІН МӘСЕЛЕГЕ АЙНАЛЫП ТҰР

(Соңы. Басы 1-бетте)

– Түркістан облысында көптеген шаруалар барлық техникаларын өткізіп, сертификат алып, жаңа техникамен жыл басын бастаймыз деп отырғанда, «Оператор (ӨКМ) РОП» мен «Жасыл даму» жаңа операторының арасындағы шешілмеген мәселелер салдарынан техника да жоқ, жер де жыртылмай, егін де егілмей отыр. «Көктемнің бір күні – жылғы азық» деген дана халқымыз. Шаруалар ғана емес, жай жүргіншілер де зардап шегуде. 4 мыңнан астам жеңіл көлік утилизацияға өтіп кеткен. Енді халықтың көлігі де жоқ, ақшасы да жоқ. Алған сертификаттары автосалондарда жеңілдіктері есептелмей, көрсетілген сомалары ескерілмей отыр. Тіпті, сертификаттың жарамсыздығын айтып отыр. Ескі техникасын өткізіп жаңа техника, жаңа көлік аламын деген халық сеніп отырған мекеменің арқасында жаяу қалды. Осындай операторлардың дәрменсіздігінен халық билікке сенбейді. Өйткені, халыққа қызмет көрсетудің орнына зиян келтіріп, табысынан айырып, халықты зарлатуда, – деді депутаттар. «Amanat» партиясы фракциясының мүшелері Президенттің «Бизнес өкілдерінің және азаматтардың нақты сұранысы негізінде шешімдер әрі кеткенде үш күн ішінде, тіпті, қажет болса бір тәулікте қабылдануға тиіс. Үкімет жанынан құрылған Жедел штаб ақпаратқа сол сәтте талдау жасайтын, сондай-ақ, нақты шұғыл шаралар әзірлейтін Ахуалдық орталық сияқты жұмыс істеуі керек», – деген сөзін еске түсіріп, үш айдан асса да шешілмей келе жатқан бұл мәселелерді тез арада шешуді сұрайтындарын жеткізді.

Жыл басында олардың әріптестері Е.Жаңбыршин, Е. Смышляева, Қ. Абасов, М. Ахметов, Е. Бейсенбаев, Г. Бижанова, С. Мусабаев, Д. Мыңбай, С. Нақпаев, Н. Ожаевтар Премьер-Министр Ә. Смайыловтың атына депутаттық сауал жолдаған еді. Олар онда 11 қаңтарда Мемлекет басшысы Үкіметке утиль жинақтауға қатысты есептеу тәртібін қайта қарау және жеке мекеме орнына мемлекеттік операторды қарастыруды тапсырған. Утиль жинақтаудың шамадан тыс бағалануы және жеке оператордың ашық емес қызметі, депутаттар тарапынан бірнеше рет көтерілген және тұрғындар үшін өте сезімтал сұрақтардың бірі екенін атап өтіп, Маңғыстауда өткен бейбіт митингіде де халық осы утиль жинауды реттеу жөнінде талап қойғанын еске салған еді.

«Неге халықтан алынған утиль жинақ есебінен көлік өндірісін дамытамыз? Бизнестің өзі инвестиция салмай ма? Утиль жинау тек ескі техникаларды залалсыздандыру үшін пайдалану керек емес пе? Қазір утиль жинауға байланысты жұмыс тобы құрылып, талқылау жүріп жатыр. Бірақ, әр түрлі тараптардың паритеті сақталмаған. Министрліктер осы процеске көлік өндірушілердің лоббистерін көбірек тартуда» – деп дабыл қаққан болатын. Оған алдында сенаторлар да көлік құралдары мен ауыл шаруашылығы техникасын сатып алу кезінде кәдеге жарату төлемінің коэфициенттерін қайта қарау мәселесін қозғап, Үкімет басшысына сауал жолдаған еді.

ҚР Үкіметінің 2022 жылғы 18 қаңтардағы қаулысымен «ӨКМ операторы» ЖШС-ның кәдеге жарату алымын жинау жөніндегі қызметі «Жасыл даму» АҚ-на тиісті функциялар беріле отырып тоқтатылған. Мемлекеттің активтерді қабылдауы бойынша жұмыс жүзеге асырылып, кейін аудит рәсімі жүргізіліп, «Жасыл даму» құрылымы штат санымен бекітілетінін айтты. 21 қаңтардан бастап Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің төрағалығымен «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасының алаңында бизнес және азаматтық қоғамдастықпен бірлесіп, автокөлік құралдарына, ауыл шаруашылығы техникасына және т.б. кәдеге жарату алымын азайту мәселелері бойынша бірқатар отырыстар өткенін еске түсірген Әлихан Асханұлы: «талқылау қорытындылары бойынша жеңіл автокөліктер мен ауыл шаруашылығы техникасына кәдеге жарату алымының қолданыстағы мөлшерлемелерін 50%-ға төмендету туралы шешім қабылданды. Бұл ретте қазіргі уақытта кәдеге жарату алымы Қазақстанда өндірісі жолға қойылған импорттық тракторларға, астық жинау және сүрлем жинау комбайндарына қолданылады. Сондай-ақ, пайдаланудан шыққан өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасын кәдеге жарату бағдарламасы шеңберінде номиналы қайта қаралуы мүмкін жеңілдік сертификатының тетігі іске асырылуда. Алайда, сертификат құнының өсуі олардың санының қысқаруына әкеп соғады. Өз кезегінде ЕАЭО кедендік заңнамасына сәйкес қазақстандық аналогтары жоқ жүк көлігі мен ауыл шаруашылығы техникасы үшін кедендік баждарға мораторий енгізу мәселелері ұлттық заңнамадан жоғары деңгейде реттеледі» деген жауап қайтарған. Қолданыстағы заң тәртібі бойынша бұл жолы Премьер-Министр өз жауабын мамырдың алғашқы жартысына дейін беруі керек. Ал оған дейін егіс жұмыстары бел ортасынан асып, кейбір өңірлерде аяқталып та қалары анық. Осы арада Рамазан Амантайдың сөзіне жазылған Қуандық Рақымның орындауындағы «Проблема жоқ» деген әніндегі «Проблемалар бар деп уайымдама сонша. Шешіледі бәрі шешілетін болса. Шешілмейді бәрі, шешілмейтін болса» деген сөздер еріксіз еске түседі.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

ЖАСЫЛ ЕЛ

«ТАЗА СУ АЙДЫНДАРЫ» ТАБИҒАТ ҚОРҒАУ АКЦИЯСЫ ӨТТІ

ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Балық шаруашылығы комитетінің 2022 жылғы 17 наурыздағы бұйрығы негізінде республиканың барлық өңірлерінде «Таза су айдындары» табиғат қорғау акциясын өткізді. Акцияның мақсаты – су айдындарын балық аулау құралдарынан арылту және жағалау аумағын қоқыстардан тазарту арқылы табиғатқа жанашырлықпен қарау.

Осындай табиғат-анаға жанашырлықпен қараған игілікті шара студент жастардың, ауыл тұрғындарының, еріктілердің қатысуымен Шардара су қоймасында өтті.

Жалпы саны 200-ге жуық адам, 15-тей техника, 9 моторлы қайық жұмылдырылған шараға Балық шаруашылығы комитетінің ресми өкілі Асылан Жеңісов, Арал-Сырдария облысаралық бассейндік балық шаруашылығы инспекциясының басшысы Пазылбек Нәлібаев, осы инспекция басшысының Түркістан аймағы бойынша орынбасары Мейіржан Өмірәлиев арнайы келіпті.

– Жалпы, Шардара су қоймасы кәсіпшілік балық аулау үшін 4 пайдаланушыға берілген. Оларға жыл сайын 2300 тонна көлемінде балық аулауға рұқсат етіледі. Аудандағы 5 балық өңдеу зауытының екеуінің еурокоды бар. Яғни, олар өз өнімдерін шетелдерге де тасымалдай алады деген сөз. Ал бүгінгі мына акция барысында көл жағалауын қоқыстан, жарамсыз ау-құралдарынан тазартып жатсақ, бұл балық шаруашылығын үздіксіз өркендетуге, балықтың емін-еркін өсіп-өнуіне титтей де болса өз септігімізді тигізіп жатқанымыз деп түсінген абзал. Қазір Шардара арнасы суға толды. Уылдырық шашатын уақыт басталды. Қырағылықты жан-жақты күшейтіп жатырмыз, – дейді Пазылбек Нәлібаев. Еріктілер мен студент жастар тобы арнайы сүзгіш аспаптары мен қоқыс салатын қаптарды алып, іске қызу кірісіп те кетті.

– Бұл бірінші нүкте. Көлдің 80 шақырымдық батыс жағалауынан осындай 8 қоқыс жинау алаңшасын жасақтадық. Жиналған қоқыс сол жерлерден әкетіліп, арнаулы орындарда өртелетін болады, – дейді инспекция басшысының Түркістан аймағы бойынша орынбасары Мейіржан Өмірәлиев.

7-8 сағатқа созылған акция барысында жағалаудан 180-200 тоннаға жуық қоқыс, қалдық заттар жиналып алынып, КамАЗ, трактор қораптарына тиеліп, жөнелтіліп жатты. Ал, балықшылар тобы моторлы қайықтарын көл айдынына салып, балықтың нағыз тажалы болып саналатын, бұта түптеріне шырматылып қалған полиэтилен ау-құралдарын кескілеп, ілмекті қармақшалардан су бетін тазартты.

Мейіржан Өмірәлиевтің айтуына қарағанда, осындай тазарту жұмыстары Түркістан облысындағы 126 көл мен 44 тоғанда, республикалық маңызы бар Бөген, Қапшағай су қоймаларында, Сырдария өзенінің өн бойында, Көксарай су реттегішінің айналасында да жүргізілмек екен.

Сейітхан ЗЕБЕРХАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

КӨКЕЙКЕСТІ

ЖАСЫЛ ЭКОНОМИКА ӨМІРІМІЗДІ ЖАҚСАРТА МА?

(Соңы. Басы 1-бетте)

Ал оған көшу үшін қажетті инвестициялар көлемі жыл сайын ЖІӨ-нің шамамен 1%-ын құрайды, бұл шамамен 3-4 миллиард АҚШ долларына тең қаржы. Тұжырымдама қабылданған кезде оның алғышарты ретінде мына жағдайлар бөліп көрсетілген болатын:

1.Негізгі секторлардың бәрінде де ресурстардың тиімсіз пайдаланылатыны. Сарапшылардың бағалауы бойынша, ол экономиканы жыл сайын 4-8 млрд доллар болатын табыстан айырып отырды. Егер шара қолданылмаса, бұл қаржының көлемі 2030 жылға қарай 14 млрд долларға дейін ұлғаюы мүмкін болды.

2. Энергия ресурстарына тариф және баға белгілеу жүйесінің жетілдірілмеуі өнеркәсіпті технологиялық жетілдіру үшін түрткі болмайды.

3. Қазақстанның маңызды экологиялық көрсеткіштер бойынша табиғи ресурстар мен қоршаған ортаның жай-күйінің айтарлықтай нашарлауы мәселесімен бепте-бет келуі. Атап айтқанда, ауыл шаруашылығы жерлерінің шамамен үштен бірінің тозуы және әлеуетті егістік жерлердің 10 миллион гектардан астамының қараусыз қалғаны. Экономика қажеттілігін қанағаттандыру үшін 2030 жылға қарай орнықты су ресурстарының 13-14 млрд м3 көлеміндегі тапшылығы орын алады деп болжануы. Қалдықтарды басқарудың интеграцияланған жүйесінің болмауы. Коммуналдық-тұрмыстық қатты қалдықтардың 97%-ның санитариялық талаптарға жауап бермейтін бақыланбайтын үйінділер мен қалдықтар көмілетін жерлерге шығарылуы.

4. Қазақстан экономикасы шикізат ресурстарының экспортына тәуелді болғандықтан әлемдік нарықтағы бағалардың құбылуының әсеріне ұшырауға бейімділігі және тағы басқалар.

«Жасыл» экономикаға ауысу аясында: қорлардың тиімділігін арттыру; қазақстандық инфрақұрылымды жетілдіру; халықтың әл-ауқатын жақсарту болжанды.

Ұлттық жобадан үміт мол

Бұдан біраз бұрын Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшу тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі 2013–2020 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары бекітілген. Кейін оның 145 тармағының 33-і алынып тасталды, 85-і бақылаудан алынды. Мәселен, су ресурстарын тұрақты пайдалануда 2020 жылы 304 жобаны іске асыруға республикалық бюджеттен 113 млрд теңге бөлінді. 4 425 км сумен жабдықтау және су бұру желілері салынды және реконструкцияланды. 2020 жылдың қорытындысы бойынша халықтың сумен жабдықтау қызметтеріне қолжетімділігі қалаларда 97,5 пайызды, ауылдарда 90,1 пайызды құрады. Ауыл, орман және балық шаруашылығындағы еңбек өнімділігі 2012 жылғы деңгейден 4,83 еседен астам ұлғайды. Электр энергетикасында жиынтық қуаты 1634,7 МВт (ЖЭС–486,3 МВт; КЭС–911,6 МВт; СЭС – 229,04 МВт; БиоЭС – 7,82 МВт) ЖЭК-нің жұмыс істеп тұрған 115 нысан болды. ЖЭК 115 нысанының электр энергиясын болжамды өндіруі шамамен 3,2 млрд кВтс немесе электр энергиясын өндірудің жалпы көлемінің 3 пайызын құрады. Қалдықтармен жұмыс жасау саласында: қайта өңделген және кәдеге жаратылған өндіріс қалдықтарының үлесі 36 пайыз, ТҚҚ – 18 пайыз; қалдықтарды жинау және шығару бойынша қызметтермен ел халқының 81 пайызы қамтамасыз етілді; республика бойынша 2 661 астам полигонның 18,8 пайызы экологиялық талаптарға сәйкес келді. Полигондардың 81,2 пайызы заңдастырылмаған. Сондықтан 2021 жылы 2021–2025 жылдарға арналған «Жасыл Қазақстан» ұлттық жобасы қабылданды.

25 қазанда ҚР Президенті жанындағы Орталық коммуникациялар қызметінің алаңында оны таныстырған кезде Экология, геология және табиғи ресурстар министрі Серіккали Брекешев ҚР Президенті Қ. Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес әзірленген бұл жоба «Таза Қазақстан», «Үнемді Қазақстан», «Табиғат», «Экология болашағы» атты төрт негізгі бағыт пен 11 тапсырмадан тұратынын айтты. «Олар бойынша 19 көрсеткіш және 48 іс-шара белгіленген жобаны іске асыру халықтың нақты табысын арттыруға, ЖІӨ-ні 231 млрд теңгеге ұлғайтуға ықпал ететін болады. Ұлттық жобаны іске асыру есебінен 60 мыңға жуық жұмыс орны құрылады», — деген.

Жалпы, бұл ұлттық жобаның 2025 жылға дейін ел экономикасының өсуіне қосар үлесі жыл сайын 0,05-0,22 пайыздық тармақты құрайды. Оны іске асыру үшін қажетті қаржыландыру көлемі 1 413 126,354 млн тг. Оның ішінде: 2021 жылы – 90 670,266 млн тг, 2022 жылы – 146 976,923 млн тг, 2023 жылы – 240 331,431 млн тг, 2024 жылы – 365 564,78 млн тг, 2025 жылы – 5 69 582,954 млн теңге қажет.

Әрине бұл біреуге көп, біреуге аз болып көрінері күмәнсіз. Өйткені, тұжырымдаманың бірінші кезеңінде жұмсалған қаржының тиімділігі әлі толық айқындалып болған жоқ. Сондықтан, оның екінші кезеңіндегі ұлттық жобаның жетекшісі болып отырған Экология, геология және табиғи ресурстар министрі С. Брекешев пен кураторы болып отырған Премьер-Министрдің орынбасары Р.Склярдың иығына артылған жүк ауыр.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

САРАПШЫ ПІКІРІ

Елдос АБАКАНОВ,
ҚР Парламенті Мәжілісінің Экология мәселелері және табиғатты пайдалану комитетінің мүшесі:

– «Жасыл экономикаға көшу» тұжырымдамасының бірінші кезеңінде алдымен оның индикаторына қатысты біршама заңнамалық актілер қабылданды. Оның ішінде энергия тиімділігі, баламалы энергияны қолдау, органикалық өнімдерді дамыту туралы заңдар бар. Екінші, тұжырымдамада бекітілген көп индикаторларды іске асыру үкімет тарапынан қатаң бақылауда болды. Әрине, барлық индикатор бойынша оң нәтиже болмаса да, энергия тиімділігіне қатысты ІЖӨ 2008 жылдың деңгейінде салыстырғанда энергия сыйымдылығын 25 пайызға төмендету бойынша мақсатқа жеттік. Баламалы энергияны 3 пайызға жеткізу мақсатына да қолжеткіздік. Дұрыс іске аспаған салалардың ішінде 2020 жылға дейін ауылдық жердегі халықты сумен толық қамтамасыз ету мәселесі болды. Президент оны енді 2025 жылға дейін шешу міндетін қойды.

Жалпы, «Жасыл экономикаға көшу» тұжырымдамасының ең негізгі мәселесі оны іске асырудағы қаржыландыру механизмінің жоқтығы. Яғни, кейбір мәселелер бойынша енді қаражатты қайдан аламыз, оны қалай іске асырамыз дегенді ойластыру қажет. Екінші, бүкіл индикаторлардың республикалық деңгейде бекітілуі. Менің ойымша индикаторлар әр облыс бойынша бекітілу керек және әрбір әкімшілік оны шешуге күш салуы қажет. Жоғарыға қарап отырмай. Қарапайым мысал, тұжырымдамаға сәйкес қалдықтарды халықтан жинау 2030 жылы 100 пайыз шешілу керек. Бірақ ауылдық жерлерде бұл мәселе әлі шешіліп жатқан жоқ.

САРАП

Жұмыс беруші мен қызметкер еңбек қатынастарындағы тараптар болып табылатыны белгілі. Оларды, бір жағынан, ортақ мақсат – еңбек өнімі және тиісті табыс табу біріктірсе, екінші жағынан, олардың қарым-қатынастарында белгілі бір қарама-қайшылық та бар.

СОТҚА ДЕЙІН ЖЕТЕТІН ЕҢБЕК ДАУЫ АЗ

Бұл қарама-қайшылық мынадан көрініс табады: жұмыс беруші қызметкердің көбірек жұмыс істеп, мейлінше көп еңбек өнімін шығарғанын қалайды, сонымен қатар, қызметкердің жалақысы жоспарланған шығыннан аспауына да мүдделі. Яғни, жұмыс беруші қызметкердің көп жұмыс істеп, аз жалақы алғанын қалайды. Ал қызметкер, керісінше, аз жұмыс істеп, көбірек жалақы алғысы келеді. Мұндай екіжақты қалаудың бір нәтиже беруі қиын, тіпті, мүмкін де емес. Сол себепті, тараптардың құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуы жиі орын алып жатады. Осы жағдай еңбек саласында жұмыс беруші мен жұмысшылар арасында әртүрлі келіспеушілік пен шиеленістердің туындауына объективтік негіз болады.

Шиеленістер мен келіспеушіліктер түрлі себептер бойынша туындайды. Олар еңбек құқығы қатынастарына дейін де орын алуы мүмкін, осы қатынастар барысында немесе еңбек шартын бұзған соң да орын алуы мүмкін. Соған қарамастан еңбек құқығы қатынастарына қатысты келіспеушіліктер мен шиеленістердің барлығын еңбек дауларына жатқызуға болмайды.

Шиеленіс немесе келіспеушілік туып тұрса да, тараптар оны шешуге ешбір ынта білдірмеуі мүмкін. Мұндай келіспеушіліктерді тараптар өзара келіссөз жүргізу арқылы келісімге келе отырып немесе кәсіптік одақтарға жолдану арқылы шешуі мүмкін. Шиеленістер мен келіспеушіліктер бұл кезеңде әлі еңбек дауы болып табылмайды. Алайда, шиеленіс немесе келіспеушілік келіссөздер арқылы шешілмесе, бұл мәселені шешу үшін арнайы уәкілетті органдарға жолдану қажеттігі туады. Мұндай жағдайда келіспеушілік еңбек дауына айналады.

Басқаша айтар болсақ, қызметкер, еңбек ұжымы немесе олармен уәкілетті өкілдік орган жұмыс берушіден қызметкердің немесе қызметкерлер ұжымының талаптарын қанағаттандырудан толығымен немесе ішінара бас тарту туралы хабарламаны алған және жұмыс берушінің шешімімен келіспейтіндігі туралы шешім қабылдаған күн не өтінішті қарау мерзімі өткен, ал жұмыс берушіден жауап түспеген кез еңбек дауының басталу күні болып табылады.

Қазіргі кезде еңбек дауларын сот тәртібімен шешу сирек кездеседі. Мұның себебі, барлық еңбек шиеленістері еңбек дауына дейін жете бермейді, кей жағдайда тараптар сотқа жүгінбестен келіспеушілікті бейбіт жолмен шешеді. Еңбек даулары ретінде қызметкер мен жұмыс берушінің арасындағы тікелей келіссөздермен реттелмеген, қолданыстағы заңдарды қолдану, жаңа еңбек жағдайларын белгілеу және еңбек жағдайларын өзгерту жөніндегі мәселелерге қатысты келіспеушіліктер танылады.

Еңбек дауларының туындауына әсер ететін себептер алуан түрлі болуы мүмкін. Бұл себептерге және еңбек дамуының ретіне қарай еңбек дауларын келесі түрлерге бөлуге болады. Субъективтік құрам бойынша, яғни, еңбек дауына қатысушылардың құрамы бойынша еңбек даулары жеке және ұжымдық еңбек даулары болып бөлінеді.

Ұжымдық еңбек дауының тараптары арасында дауды делдалдың қатысуымен немесе онсыз шешу туралы келісімге қол жеткізілген барлық жағдайларда аяқталмаған татуластыру рәсімдері тоқтатылады. Ал тараптар арасындағы келісімнің шарттары дауды шешудің шарттары болып есептеледі. Ұжымдық еңбек дауының тараптары қол жеткізген келісімдер жазбаша нысанда ресімделеді. Тараптар арасында даудың шешілуі туралы келісімге қол жеткізу, егер ереуіл жарияланған болса, оның тоқтатылуына алып келеді. Татуластыру комиссиясының мүшелері ұжымдық еңбек дауын шешу жөніндегі келіссөздерге қатысқан уақытта жалақысы сақтала отырып, жұмысынан босатылады.

Жұмыскерлердің, олардың бірлестіктерінің ұжымдық еңбек дауын шешуге қатысатын өкілдері ұжымдық еңбек дауын шешу кезеңінде тәртіптік жазаға тартылмайды, басқа жұмысқа ауыстырылмайды немесе солардың өкілдік етуіне уәкілеттік берген органның алдын ала келісімінсіз жұмыс берушінің бастамасы бойынша олармен еңбек шарты бұзылмайды.

Тараптардың ешқайсысы татуластыру рәсімдеріне қатысудан жалтаруға құқылы емес. Ұжымдық еңбек дауында реттелмеген келіспеушіліктер тараптардың назарына жазбаша нысанда жеткізілуге тиіс. Егер жұмыс берушінің өкілі өкілеттіктерінің жеткіліксіз болу себебінен ұжымдық еңбек дауы тараптарының келіспеушіліктерін реттеу мүмкін болмаса, жұмыскерлердің талаптары мүліктің меншік иелеріне, ұйымдардың, оның ішінде Қазақстан аумағында орналасқан, мүлкінің меншік иелері шетелдік жеке немесе заңды тұлғалар не шетелдіктер қатысатын ұйымдар болып табылатын ұйымдардың құрылтайшыларына (қатысушыларына) немесе акционерлеріне қойылады.

Жұмыс беруші:

Жұмыскерлердің осы кодекстің 164-бабының 3-тармағына сәйкес ресімделген талаптарын алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде ұжымдық еңбек дауының туындағаны туралы, ол түпкілікті шешілгенге дейін ахуал туралы кейіннен апта сайын хабардар ете отырып, еңбек инспекциясы жөніндегі жергілікті органды хабардар етуге міндетті. Сонымен қоса, азаматтық істерді қарау барысында жұмыс берушілердің жұмысшылар құқына заңсыз нұқсан келтіретін, еңбек жалақыларын заңсыз ұстайтын жағдайлар кездеседі. Мысалы әкімшілік іс бойынша мекеме жұмысшысы немесе қызметкері жәбірленуші болып табылса оның осы іспен жұмыс орнында болмаған уақытына, тиісті шақыртулар мен анықтамалар барына қарамастан жұмыс орнын сақтағанымен, еңбек жалақысы есептелмейді. Бұл Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 764-бабында реттелген. Яғни, жәбірленуші, куә, сарапшы, маман, аудармашы және куәгер ретінде шақырылатын адамның жүргізуінде әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жатқан сотқа, органға (лауазымды адамға) келуіне байланысты олар жұмыс орнында болмаған кезде орташа табысы белгіленген тәртіппен сақталады.

Еңбек дауларын шешуге келісім комиссиялары, кәсіподақтармен қатар медиаторлардың араласуы тиімді. Еңбек дауларын шешуде оның орындалуындағы соңғы өзгерістер бойынша жалақыларды өндіру туралы еңбек инспекторларының қаулылары атқару құжаттарымен теңестіріліп, тікелей орындауға сот орындаушыларына жолданады.

С.ДӘРІҚҰЛОВА,
Шалқар аудандық соты судьясы
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

МЕДИАЦИЯ

ҰРЫС АЗАЙСА, ЫРЫС АРТАДЫ

Билер дәстүрінен жалғасқан бітімгершілік институтының заманауи сот жүйесінде жаңғыртылып, Қазақстан Республикасының «Медиация туралы» заңы қабылданғанына он жылдан асты. Бұл үрдіс біздің елде де қарқынды дамып жатыр.

Мәселен, «Медиация туралы» заңмен қатар, Азаматтық іс жүргізу, Әкімшілік рәсімдік-процестік, т.б. кодекстерде дау-жанжалды бітімгершілікпен шешу нормалары кеңінен көрініс тапты. Соған орай, Жоғарғы Сот түрлі жоба арқылы ауқымды шараларды жүзеге асыруда. Бүгінде барлық өңірде татуласу орталықтары құрылып, әрбір сотта судья-медиатор жұмыс істейді.

Сотқа жүгінушілер дау-жанжалды медиация немесе партисипативтік рәсімдер, сондай-ақ, сотқа дейінгі реттеу хаттамасы, заңмен белгіленген басқа да тәсілдерді пайдалана отырып, өзара талаптардың толық көлемінде немесе бір бөлігінде реттей алады. Мысалы, дауды татуласу рәсімдерін қолдана отырып реттеу туралы өтінішхат Азаматтық іс жүргізу кодексі мен заңдарда өзгеше көзделмесе, талап қою ісін жүргізудің кез келген ісі бойынша мәлімделеді. Медиация туралы шарт жасалғаннан кейін іс қысқартылады.

Медаиция туралы заңмен шарт жасалған күнді қоса алғанда жеке немесе заңды тұлғалар, әкімшілік органдар, лауазымды адамдар қатысатын азаматтық, еңбек, отбасылық, әкімшілік құқықтық және өзге де қоғамдық қатынастардан туындайтын даулдарды реттеуге бір ай берілген. Қажеттілік болса осы мерзім тараптардың өзара шешімімен отыз күнге ұзартылады, алайда, бұл алпыс күннен аспауы тиіс.

Медиация қандай жағдайда тоқтатылады десек, ол «Медиация туралы» заңның 26-бабымен айқындалған. Мысалы, дауды медиация арқылы шешуге болмайтын мән-жайлар анықталған, сондай-ақ, тараптар немесе олардың бірі жазбаша түрде бас тартқан, медиацияны жүргізу мерзімі аяқталған жағдайларда осы заңның 23-24-баптары ескеріле отырып тоқтатылады.

Дау-жанжалды реттеу туралы келісім жазбаша нысанда жасалып, оған тараптар қол қояды. Олардың бір-біріне түпнұсқаларды беруі шарт емес. Электрондық пошта арқылы келісімнің қол қойылған цифрлық көшірмелерімен алмасса, келісім заңды күшіне енді деп саналады.

Айта кетерлігі, келісім шартта оның жасалған күні мен орны, тараптар, олардың өкілдері, даудың нысаны, медиатор туралы деректер көрсетіледі. Бұған қоса екі жақ келіскен міндеттемелер, оларды орындау тәсілдері мен мерзімдері және орындамаудың салдарлары қамтылып, оған медиатор қол қояды.

Сот актісін орындау сатысында да медиацияның өзіндік ерекшеліктері бар. Атап айтқанда, сот орындаушысына ұсынылған медиация туралы шарт атқарушылық іс жүргізуді отыз күннен аспайтын мерзімге тоқтата тұрады. Сот актісін орындау сатысында жасалған келісімді акті орындалатын аумақтағы бірінші саты немесе оны шығарған сот бекітеді. Бұл үшін тараптар дауды реттеу туралы келісімді бірінші саты немесе оны шығарған соттың біріне өткізеді.

Егер келісім орындалмаса, онда мүдделі тарап процестік заңнамалар талабымен сотқа жүгінуге құқылы. Заңға сай, келісімшарттың орындалуы міндет.

Азаматтық іс жүргізу кодексінде нақтыланғандай, заңға қайшы, сондай-ақ, басқа адамдардың құқықтары мен заңды мүдделеріне нұқсан келтіретін болса татуласу келісімін сот бекітпейді. Бұлай болған жағдайда сот ұйғарымы шығарылады.

Даудың өзара келісіммен бітуі ең алдымен тараптар арасындағы қарым-қатынасты сақтайды. Бітімгершілік рәсімдерін жүргізуге екі жаққа да ыңғайлы уақыт таңдалады. Ең бастысы тараптарды бірдей қанағаттандыратын шешім қабылданады. Сондықтан, дауды татуластыру шаралары, дауды сотқа дейін реттеу хаттамасы, медиация тәсілдері, партисипативтік рәсімдер, т.б. аясында бітіруге заңмен беріліп отырған мүмкіндікті пайдаланған тиімді. «Ұрыс тұрған жерде ырыс тұрмас» деп, халқымыз айтқандай, ұрыс азайса, елдің ырысы да артары хақ.

Айжан УСТЕНОВА,
Наурызбай аудандық сотының судьясы
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

МӘМІЛЕ

МЕДИАЦИЯНЫҢ ҚОЛДАНЫС АЯСЫ КЕҢЕЮДЕ

Сот жүйесінде сәтті жүзеге асып келе жатқан өзгерістердің бірі – медиация. Жақында Парламент Сенатында «Біріккен ұлттар ұйымының медиация нәтижесінде қол жеткізілген халықаралық татуласу келісімдері туралы конвенциясын ратификациялау туралы» заңы талқыланды. Аталмыш заң жобасының негізгі мақсатын түсіндіре келе Әділет министрі Қанат Мусин: «Конвенцияның мақсаты – қатысушы мемлекеттердің аумағында медиация нәтижесінде қол жеткізілген халықаралық келісімдерді тану және орындау. Осы уақытқа дейін бізде мұндай тетік болған жоқ. Конвенция қатысушы мемлекеттердің екі және одан да көп компаниялар арасындағы халықаралық коммерциялық даулларға ғана қолданылады. Конвенцияны ратификациялау – соттан тыс медиацияны жетілдіруге оң қадам. Ол халықаралық саудаға жәрдемдесудің маңызды құралы және коммерциялық тараптардың халықаралық келісімдерін жүзеге асыруға ықпал етеді» деді. Демек, еліміздің сот жүйесінде медиацияға сұраныстың артуы, халықтың оған деген қызығушылығы, оны басқа да жүйелерде қолдануға түрткі болуда.

Елімізде дауларды балама шешудің жаңа түрі 2011 жылы енгізілген болатын. Бітімгершілікпен талай дауды шешкен ата-бабамыздың салған сара жолын қоғамымыз жатырқамады. Осылайша сот жүйесінен бастау алған медиациялық кабинеттер Ассамблеяның достық үйлерінен ашыла бастады. Еліміздің түкпір-түкпірінде орын алған дауларды медиация кабинеттерінде шешіп, бейбіт келісімге келуге жол ашты. Енді заң аясын кеңейтіп, халықаралық дәрежеде қолданылуда.

Медиацияның артықшылығын санамалағанда оның даудың тез шешіліп, тараптардың уақытын үнемдейтінін, сот шығындарын азайтып, судьялар жүктемесінің артуына жол бермейтінін атап өтуіміз керек. Ең бастысы медиацияда жеңілген тарап болмайды, медиаторлар істің «алтын аралығын» табатыны тараптардың көңілінен шығып келеді. Сондықтан күн санап медиация арқылы шешімін табатын істердің қатары артқан үстіне арта түсуде.

Сотта әр адам өз мүддесін қорғап шығады десеңіз, қателесесіздер. Себебі бір істе біреуі жеңеді, екіншісі жеңіледі. Ал медиацияның басты мақсаты – қос тарапты бірдей қанағаттандыратын және дауласушылық деңгейін төмендететін өзара тиімді әрі өзара қолайлы, бейбіт келісімге келу. Сот өндірісінен айырмашылығы – медиация барысында «кінәлілер» мен «кінәсіздер» деген тараптар болмайды. Сондықтан қоғамға пайдалы медиацияны көбірек қолданудың және оның қолданыс аясын кеңейтудің маңызы зор.

Данияр СЕМБАЕВ,
Алматы қаласы
Әуезов аудандық сотының судьясы

МЕЖЕ

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТІҢ МІНСІЗ БОЛУЫНА ҮЛЕС ҚОСУ – МӘРТЕБЕ

Мемлекеттік қызметке үлесіңді қосу, осы саптан табылу – үлкен мәртебе. Өйткені, мемлекеттік қызметкер – халықтың сұранысын орындаушы, билік пен елдің арасын жалғастырушы. Бұл қызметке тек мықтылар ғана таңдалып, білімі мен білігі сай, өзін дәлелдеген азаматтардың ғана іріктелуі сондықтан.

Мемлекеттік қызмет – мәртебелі міндет. Оның мәртебелі болуы тек құзырлы органның құрамында болумен өлшенбейді. Мемлекеттің дамуы, көшінің дұрыс, бағыт-бағдарының айқын болуы, елді соңына ілестіре білуі – мемлекеттік қызметтің беделіне, бастамашылығына тікелей байланысты. Соған орай, бұл қызметтің тартымдылығын арттыру, беделін көтеру бағытында толайым жұмыстар атқарылып келе жатыр. Ал мұндай биік талап мемлекеттік қызметкерлерге де жоғары міндеттер жүктейді.

Мемлекеттік қызметті өркендету, дамыту, мінсіз ету бағытында аз жұмыстар жасалып жатқан жоқ. Мұндағы басты ұстаным қоғам мүдделеріне адалдық танытуға және Қазақстан халқының бірлігі мен елдегі ұлтаралық келісімді нығайтуға ықпал етуге, мемлекеттік тіл мен басқа тілдерге, Қазақстан халқының дәстүрлері мен ғұрыптарына құрметпен қарауға негізделген. Осындай жүкті иығына артқан қызметкерлер мемлекеттік қызметтің функционалдық және мәртебелік міндетін Отанға берген антын берік сақтауы тиіс.

Лауазымы қаншалықты биік, мансабы үлкен болғанына қарамастан кез келген мемлекеттік қызметкер халықтан жоғары емес. Аты айтып тұрғандай, мемлекеттік қызметкер – халықтың қызметшісі. Сондықтан, қызмет барысында олардың сауатты жұмыс атқаруымен бірге, әдептен озбауы, үлкенге де, кішіге де ізет көрсетуі басты назарда тұрады. Өйткені, халық мемлекеттік қызметкердің ең әуелі біліміне емес, ілтипатына, ықыласына қарап пікір қалыптастырады. Дөрекі сөйлеу, азаматтарды жүрдім-бардым тыңдау, мәселеге селқос қарау – халықтың мемлекеттік қызметке қатысты теріс көзқарасын қалыптастырады. Мұндай кемшіліктердің алдын алу үшін мемлекеттік қызметте үнемі түсіндіру жұмыстары жүргізіліп тұрады.

Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексі мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдебінің стандарттарын белгілейді және қоғамның мемлекеттік органдарға деген сенімін нығайтуға, мемлекеттік қызметте өзара қарым-қатынастың жоғары мәдениетін және парасаттылық атмосферасын қалыптастыруға бағытталған.

Жалпы, мемлекеттік қызметшілердің моральдық-әдептілік бейнесіне жоғары талаптың қойылуы орынды. Қарапайымдылық, жалпыға бірдей қабылданған моральдық-әдептік нормаларды сақтау, шындыққа сәйкес келмейтін мәліметтерді таратпау, мемлекет мүдделеріне және азаматтардың құқықтарына нұқсан келтіретін әрекеттерге қарсы тұру – мемлекеттік қызметтің беделін арттырады. Бұл талаптар сот саласында еңбек етіп жүрген біздің де басты қағидамыз. Сот табалдырығын аттаған азаматтар ең алдымен кеңсе қызметкерлерінің ілтипатына, жылы қабағына қарап бүкіл ұжымның жұмысына баға береді. Сондықтан, біз өзіміз еңбек еткен саланың имиджіне көлеңке түсірмеуге тиіспіз.

Ақерке ДҮЙСЕНОВА,
Алматы қаласы қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының бас маманы

№32 (3460)
22 сәуір 2022
zangazet@mail.ru
ЗАҢ газеті

Мұрат БАҚТИЯРҰЛЫ, *Парламент Сенатының депутаты:*

«ЖАҢА ҚАЗАҚСТАННЫҢ БАҒЫН ӘДІЛ САЙЛАУ АШАДЫ»

– Мұрат Бақтияұлы, өте күрделі кезеңде өмір сүріп жатырмыз. Жаһанданған әлем өзінің жазылған және жазылмаған ережелерін ұсынуда. Соңғы уақытта тұтас әлемді жақтаушылар мен даттаушылар деп екіге бөлген Ресей мен Украина қарым-қатынасының да тудырып отырған мәселесі аз емес. Осындай турбуленттік кезеңде Қазақстан қандай позицияда болуы керек? Әңгімемізді осыдан бастасақ...

– Кез келген мемлекеттің ішкі және сыртқы саясаты болады ғой. Өзінің тәуелсіздігін алған Қазақстанның сыртқы саясаты көпвекторлы бағытта жүзеге асып келеді. Мен өзім докторлық диссертациямды сыртқы саясаттан қорғадым. Көп векторлы саясат батыс, шығыс, мұсылман, АҚШ, ТМД мемлекеттерінің барлығымен тең қатынаста болуды білдіреді. Кейбір мемлекеттер еш саясат ұстанбай бейтарап болады. Мысалы көрші мемлекет Өзбекстан осы бағытты таңдады. Оның Тәжікстан, Ауғанстанмен қарым-қатынасы өте нашар болды. Осман мемлекеттерімен де етене байланысуды қаламады. Мұның себебі түсінікті. Өйткені, Өзбекстан – діни радикализм тамырын тереңге жайған ел. Қазақстан мұндай жағдайда емес. Соның арқасында еліміз тіпті, ауған мемлекеттерімен де әріптестік орнатып, елшіліктермен алмасты. Қазақстанның көпвекторлы саясатын сынаушылар көп. Бірақ өзім Парламент мүшесі ретінде кез келген өзін зайырлы деп санайтын мемлекеттің осындай ұстанымда болғанын дұрыс көремін.

Қазір әлем мүлде өзгерді. Соңғы кезде Ресейдің Украинаға байланысты қарым-қатынасы күрделі мәселелер туындатты. Әсіресе, Қазақстан бүгінде екі оттың ортасында қалғандай күйде отыр. Себебі, біздің Ресеймен 7 мың шақырымға жуық шекарамыз бар. Екіншіден, сырттан келетін де, сыртқа шығатын да тауарларымыз Ресей арқылы өтеді. Мұндай жағдайда Қазақстанның билігі не істеу керек? Көпшілігі Ресеймен қарым-қатынасты мүлде үзу керек дейді. Бұл айтуға оңай. Мен де солай ойлаймын. Бірақ ақиқатында біз Ресеймен қарым-қатынасты мүлдем үзетін болсақ, экономикамызға қиын болады.

Жалпы, Президентіміз де, Президент Әкімшілігі басшысының орынбасары да соғысқа байланысты айыптау саясатын ұстануда. Путин мұны арнайы операция дейді. Шын мәнінде жүздеген адам қырылған, 4 млн адам босып кеткен бұл жағдайға соғыстан өзге атау таппаймыз. Мұны АҚШ Президенті Джо Байден геноцид деп атап отыр. Сондықтан осы кезеңдерде біздің саясатымыздың бағыты дұрыс деп есептеймін. Соғыстың болғанын айту да үлкен батылдық. Егер біз Ресейді жақтайтын болсақ, онда дүниежүзі бізді санкциямен төпелейді. Мұны да біздің экономикамыз көтере алмайды. Сондықтан БҰҰ талаптарын орындап, белгілеген шараларын қабылдауымыз керек. Бұл үлкен мәселе. Біз оған мойынсынып жатырмыз. Сондықтан Ресейдің бізге өкпесі бар, оны білеміз. БҰҰ-ның Ресейге қатысты мәселерінде қалыс қалып отырдық. Бұл да дұрыс ұстаным. Соғыс бітеді. Бірақ ол тек Ресейге ғана емес, көптеген мемлекет, соның ішінде ТМД мемлекеттеріне үлкен зардабын тигізеді. Мұның бәрі айналып келгенде қарапайым халыққа батады.

– Бұл соғыста кім жеңуі мүмкін?

– Украина моральдық тұрғыда қазірдің өзінде жеңді деп айта аламыз. Бірақ материалдық тұрғыда ұтылды. Халқы елден безіп, зауыт-фабрикаларының қирап қалуы салдарынан ішкі өнімі 45 пайызға құлдырады деген болжам бар. Оны қалпына келтіру үшін сан миллиардтаған доллар көлеміндегі қаржы қажет болады. Ресей болса екі бағытта да ойсырай жеңілді. Халықаралық аренадағы Ресейдің беделі төмендеп, оның билігіне деген сенімсіздік дүниежүзін қамтыды. Қазір саналы Ресей азаматтары өздерін орыспын, Ресей азаматымын деп айтуға ұялып жатқанын ақпарат құралдарынан біліп отырмыз. Көптеген мемлекеттер Ресеймен шекарасын жауып, ұшақтарын елдерінде қондырмай жатыр. Жалпы, соғыста қайсыбір мемлекет жеңді деп айтуға болмайды. Өйткені, халықтың өлімі бар, босып кетушілік бар, экономикаға келген зардаптар бар. 21 ғасырда бір нәрсе анық, ол – соғыстан бірде-бір мемлекет ұтпайды, тек ұтылады. Сондықтан мәселені соғыспен емес, бір үстелдің басында, келіссөздермен шешу керек еді. Екі облысқа бола Еуропаның қақ ортасында тұрған мемлекетке әскер кіргізу ақылға сыймайтын әрекет. Яғни, Ресейдің бұл соғыста жоғалтқаны орасан. Осы ретте оның моральдық тұрғыда шеккен зардабының өтеуі тым қымбатқа түсері анық.

– Ресейшіл топтардың сөзіне құлақ түрер болсақ бәріне кінәлі НАТО секілді. Олардың айтуынша, Украина жерін әскери базаға айналдыра бастауы Ресейдің өз тағдыры үшін осындай қадамға баруына мәжбүр еткен.

– Әлемде екі жүйе кешегі 1991 жылға дейін жарысып келді. Олар НАТО мен Варшава шартына біріккен елдер ұйымы. Бұл екі жүйе де тек қаруланумен айналысты. Кеңес Одағы өзінің ішкі өнімінің 30 пайызын қаруға бөліп отырды. Алайда одан абыройы артып, күші тасыған жоқ. Жалпы, 21 ғасырда осындай екі жақты жүйе жасап, қаруланудан жарысқа түсу ақылға сыймайтын әрекет. Әлем НАТО-ның әлемдегі ең күшті одақ екенін мойындады. Оған Ресей мен Қытай бірлесіп одақ жасаса да жете алмайды. Өйткені, НАТО-ның еншісінде ең озық технология, ең жетілген қару-жарақ бар. Менің-ше, егер Ресей НАТО-ның бір мүшесі болып, Еуроодаққа енетін болса, мүлде басқа мемлекетке айналар еді. Өйткені, Ресейдің ғылыми әлеуеті зор, табиғи ресурсы мол. Осындай мүмкіндікпен Еуроодаққа енсе, бүкіл Еуропа экономикалық тұрғыда Ресейге кіріптар болар еді. Негізі, 21 ғасырда мемлекеттер шекарасыз болып, ұлтына, дініне қарамастан бір-біріне сенім артқаны жөн.

– БҰҰ соғысты тоқтатады деген үміт болып еді. Алайда олар әзірге бақылаушы позициясын ұстанып отырған сияқты. Әлде біз қателесеміз бе?

– БҰҰ не істей алады? Оның үстіне, Ресей атом, ядролық қару-жарақ ие мемлекет болса! Бұл ел әскери қару-жарағының күші жағынан алғашқы үштікте тұр. Сондықтан БҰҰ-ның қарарларына кейде Ресей пысқырып та қарамайды. Әрі ол құрылым қоғамдық ұйым ғой. Оның жарлығының бәрі орындалуы міндетті емес. БҰҰ тек санкциялар салдыру арқылы өз ықпалын жүргізе алады.

– Жалпы қоғамда үрей бар. Ресей Украинаға жасаған диверсиялық әрекетін Қазақстанға да бағыттауы мүмкін деген болжамды естіп қаламыз. Бұл қаншалықты шындыққа жанасады?

– Ресей бізге қарсы мұндай әрекет жасауға батылы жетеді деп айта алмаймын. Өйткені, Қазақстанның бұл тұрғыдағы қауіпсіздігіне кезінде атом бомбасынан бас тартқан кезде АҚШ, Англия, Қытай, Ресей, Франция сияқты мемлекеттер кепілдік берген. Ол келісімнің ішінде егер үшінші бір ел жерімізге басып кіретін болса, бәрі бірігіп қорғаймыз деген міндеттеме бар. Сондықтан бұл әңгіме ақылға сыймайды. Яғни, бізге ешкім басып кіре алмайды. Бірақ экономикалық тұрғыда қысым болуы мүмкін.

– Осы соғыс бізге нені ұқтырады? Одан қандай сабақ ала аламыз?

– Украина – еуропалық мемлекет. Бұрын Кеңес одағы құрамында болғанымен, республикалар арасынан Ресейден кейінгі орында тұратын. Өйткені, бұл елдің өндіріс орындары дамыған, өнім өндіру әлеуеті өте жоғары. Украинада бірнеше рет болдым. Саны бізден екі есе көп украиндықтар өте сауатты, ұлтшыл, рухы биік, өзінің дәстүріне берік және саяси мәдениеті де өте жоғары. Украинада демократиялық үрдістер ерте басталды. Өйткені, бұл ел Еуропаға жақын. Оны Қазақстандағыдай 25-30 жыл бір Президент басқарған жоқ. Мемлекет басшыларының барлығы көп жағдайда әділетті өткен сайлау арқылы келген. Саяси үдерістерінің мәдениеті де озық. Соның арқасында бірнеше Президентті ауыстырып тастады. Саясатта болмаған, саясаттың не екенін біле бермейтін, былайша айтқанда, артистің билікке келуі нағыз демократияның көрінісі ғой. Қазақстанда мұндай болуы мүмкін бе? Зеленский өзінің шешендігімен, қарапайымдылығымен жұршылықтың сеніміне ие болып, Президенттік мандатқа қол жеткізді. Халық таңдауының дұрыс болғанын осы соғыс көрсетті. Зеленский рухты, елдік мүддеде кіммен де болса ортақ тіл табысып, тізе қоса алатын үлкен парасат пен асқақ рух иесі ретінде танылды. Ең таңданарлығы өзінен жеңіліп, сынап жүрген Порошенко секілді саясаткерлермен бірікті. Бұл жалпы халықтың болмысы, қайтпас жігерлілігі, ұлттық құндылықтың басымдығы, халықтық мұраттарға адалдығы. Бірлігі берік, Отанға деген сүйіспеншілігі мықты, ұлттық құндылықтарға адалдық бар елді ешбір жаудың ала алмайтынын көрдік. Осыдан үлгі алуымыз керек.

– Орталық Азиядағы көшбасшылық орнымызды нығайтып, экономикалық дипломатияны жандандыру мақсат етілуде. Мұны қалай жүзеге асыра аламыз? Негізгі басымдықтар қандай болу керек?

– Орталық Азияда қазір бес мемлекет бармыз. Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Түркіменстан, Тәжікстан. Көшбасшылық жайлы айтқан кезде Өзбекстан бізден өзін кеммін деп жатқан жоқ. Бұл ағайындар да өздерін осы биіктен көреді. Көшбасшылық көп жағдайда экономикалық жағдай арқылы айқындалатын деңгей ғой. Экономикасы мықты елді ғана басқа мемлекет мойындайды. Бұл тұрғыда әлсіз, импортқа тәуелді ел екінші, үшінші деңгейдегі мемлекет санатында. Жалпы Орталық Азияда Қазақстан мен Өзбекстанның мықты екені рас. Қазақстан ішкі өнім және экспорт бойынша алда. Бірақ отандық өндіріс жағынан Өзбекстан бізден көш ілгері. Бұл елде үлкен екі экономикалық аймақ құрылған. Оларда тұрмысқа керек ине-түйреуіштен бастап, ұшаққа дейін шығарылып жатыр. Біз ондай деңгейге жете қойған жоқпыз. Жеңіл өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы өнімдері бойынша сыртқа байланған мемлекетпіз. Көшбасшы болу үшін экономикалық тұрғыда ешкімге тәуелсіз, отандық өндірісі дамыған, тауар өндіретін мемлекет болуымыз керек.

– Әлемдік ірі саясаткер Черчилль «мәңгілік дос жоқ, мәңгілік мүдде ғана бар» деген. Біздегі мүдде қандай және бұл тұрғыда қай елмен біріккеніміз жөн?

– Біз – түркітілдес мемлекетпіз, біздің туысқанымыз – түркітілдес халықтар, бұған сөз жоқ. Сондықтан салт-дәстүріміз, тіліміз, әдет-ғұрпымыз бір түркітілдес мемлекеттер – біздің мәңгілік досымыз. Ал саясатта тұрақты ешнәрсе болмайды, ол үнемі өзгеріп отырады. Сыртқы саясатта біз көпвекторлы саясат ұстанып, әсіресе, дамыған мемлекеттермен, оның ішінде АҚШ, Еуропа, Англия, Жапония, Корея, Сингапур сияқты мемлекеттермен тұрақты байланыста болуымыз керек. Олардың білімін, технологиясын үйренуіміз қажет. Сонымен қатар, көршілермен де тату қарым-қатынас орнатуға тиіспіз. Себебі, олардан қашып құтыла алмаймыз. Батысымызда Ресейді, шығысымызда Қытайды Алла бізге көрші етіп жаратты. Көрші ақысы – тәңір хақысы деген бар. Сондықтан да бұл мемлекеттермен экономикалық, мәдени және саяси қарым-қатынаста дұрыс ұстаным болу керек. Қазір түркітілдес елдермен ынтымақтастыққа ұмтылған қадамдар бар. Түркітілдес мемлекеттер одағын құру мәселесі көтерілген. Бұл күн тәртібінен түскен жоқ. Бес мемлекетте бүгінде сексен миллиондай халық тұрады. Бұл қай жағынан болсын серіктес болуға таптырмайтын әлеует. Аталмыш ұйым түбі құрылып, туысқан елдер дамудың жолына бірге түсіп, биік белестерді бірге бағындырады деп сенемін.

– Қазіргі таңда сыртқы саясаттағы жетістіктеріміз қандай? Кемшіліктеріміз неде?

– Жетістігіміз – томаға-тұйық қалып қойған жоқпыз. Бұл ретте елімізде өткізіліп жатқан халықаралық форумдардың рөлі бар. Мұндай шаралар Қазақстан туралы жақсы көзқарас қалыптастырып, сыртқы имиджімізді көтереді. Ал кемшін тұстарымызды айтатын болсақ, елімізге сырттан келетін инвестиция аз. Шетелдің қаржысын экономикамызға тарту ісі – сыртқы саясатымыздың маңызды саласы. Қазақстанның көптеген мемлекеттерде елшіліктері бола тұра бұл жұмыс ойдағыдай жүрмей жатыр. Шетелден инвестиция еліміздің тек шикізат нарығына келеді. Ірі шетелдік зауыттар, фабрикалар салынбай тұр. Мысалы мұндай зауыттар құрылысы бүгінде Өзбекстанда жүріп жатыр. Әзербайжанда қазірдің өзінде бар. Ал біз бұған қол жеткізе алмай отырмыз. Заңдық тұрғыдан барлық шаралар қабылданған. Салықты төмендеттік, мүлік салығын алып тастадық. Арнайы экономикалық аймақ құрып, салықсыз жұмыс жасауға қажет барлық инфрақұрылымдарды мемлекет жасап береді. Бірақ оның қайтарымын әзірге көре алмай келеміз.

– Қаңтардағы көтерілісте көрініс тапқан Ұжымдық шарт ұйымының миссиясы жайлы не айтасыз? Біздің ішкі мәселемізді өз күшімізбен шешетін қауқарымыз жоқ па? Сырттан көмек сұрауымыздың сыры неде?

– Көтеріліс стихиялы түрде болды. Мұны қарапайым халық тұрмақ, Мемлекет басшысының өзі бақылап, аяқ алысын болжай алмады. Шабуылды кімдер жасады? Оны да тап басып айту қиын. Дер кезінде зерделеп, тиісті шара қабылдайтын Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Ішкі істер министрлігі, әскер әрқайсысы өз алдына бөлек кетіп, түсініксіз жағдай қалыптасты. Жиырма мың диверсант келді ме, келмеді ме, оны да ешкім білмеді. Бірақ мемлекеттік мекемелер өртелді. Бұл деген мемлекетке қол көтеру деген сөз. Өзге де стратегиялық нысандарға қауіп төнді. Мысалы үлкен су қоймаларына у тастап жіберсе, халық қырылып қалады ғой. Сондықтан оларға күзет қою керек болды. Ұжымдық шарт ұйымының әскерлері сол үшін шақырылды және айтылған уақытта елден шығарылды Олар халыққа қарсы қару қолданған жоқ. Бұл мәжбүрліктен қабылданған шешім.

– Жаңа Қазақстанды құру қарқыны бәсеңдеп қалғандай сезіледі. Яғни, халыққа берілген уәденің орындалар түрі байқалмайды...

– Қазақстан бұрыннан құрылған мемлекет қой. Жаңа Қазақстан – идеологиялық тұрғыдағы шешім. Естеріңізде болса, Сталин 1953 жылы дүние салып, 1956 жылы партияның XXVI тарихи съезі болды. Сол жиыннан кейін бүкіл елде жеке басқа табынушылық қатты сынға алына бастады. Сынаушылардың арасында Сталиннің қол астында жұмыс істеген адамдар да болды. Қазіргі жағдай соның бір көрінісі. Бұрынғыны сынап жүргендердің, жаңа Қазақстан құрам деп жүргендердің 70 пайызы бірінші Президентпен қызметтес болған, оның қол астында жұмыс істеген азаматтар. Жалпы, кез келген елді бірден түбірінен өзгерту қиын. Ол үшін Саакашвили секілді болу керек. Қазір ұран етіліп жүрген жеке басқа табынуды жою, халықтық мүддеге адалдық бұрын да айтылатын. Бірақ оны кім іске асырады? Бұл тұрғыда сұрақ көп. Бір анығы – халықты енді бұрынғы арнаға алып келе алмаймыз. Отандастарымыздың көзі көп нәрсеге ашылды. Елді алға жылжыту үшін ең бірінші кезекте сайлауды демократиялық қағидаттарға сай өткізу керек. Халық сайлауға сенуі қажет. Бюллетендер дұрыс саналып, бүкіл әкімдер билікке сайлау арқылы келіп, Парламент сайлау арқылы жасақталу керек. Әр сайлау округтерінде партия өкілдері отырып, бұл үрдістің әділдігіне көз жеткізуі тиіс. Адамдар билікке сол кезде сене бастайды. Сонда ғана елімізді дамытатын нағыз өзгерістерге жол ашылады.

– Әңгімеңізге рақмет!

Айша ҚҰРМАНҒАЛИ,
«Заң газеті»

Елді алға жылжыту үшін ең бірінші кезекте сайлауды демократиялық қағидаттарға сай өткізу керек. Халық сайлауға сенуі қажет. Бюллетендер дұрыс саналып, бүкіл әкімдер билікке сайлау арқылы келіп, Парламент сайлау арқылы жасақталу керек. Әр сайлау округтерінде партия өкілдері отырып, бұл үрдістің әділдігіне көз жеткізуі тиіс. Адамдар билікке сол кезде сене бастайды. Сонда ғана елімізді дамытатын нағыз өзгерістерге жол ашылады.

ИГІ ІС

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚТЫ ШЫҢДАЙТЫН ОРТАЛЫҚ

Алматыда Қаныш Сәтпаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық-зерттеу университетінде қазақ эстрадасының аңызына айналған «Дос-Мұқасан» ансамблін ұйымдастырған азаматтардың бірі әрі әйгілі «Той жыры» өлеңінің авторы Ұлықпан Сыдықов атындағы шығармашылық орталық ашылды.

Ұлықпан Сыдықов аталған оқу орнынан түлеп ұшып, саналы ғұмырының 57 жылын осы университетке арнаған. Студент, аспирант, оқытушы, профессор, кафедра меңгерушісі, факультет деканы, институт директоры және проректор қызметін атқарды. Бүгінде университеттің Ақсақалдар алқасының төрағасы, ректор кеңесшісі болып жүрген ғалым ұстаздық етуден жалыққан емес. Ол – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, философия ғылымының докторы, профессор, ҚР Ұлттық жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі, Педагогика ғылымдар академиясының академигі, Халықаралық ақпараттандыру академиясының академигі. Сонымен қатар, «Қазақ эстрадасының аңызы» халықтық атағының иегері, Қазақстан шығармашылық академиясының мүшесі, Мәдениет қайраткері. Ш.Есенов атындағы Ақтау және Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеттерінің және Дәулет Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университетінің құрметті профессоры, Шығыс Қазақстан облысы Үржар ауданының және Мақаншы ауылының «Құрметті азаматы».

Шығармашылықпен студент кезінен айналысқан Ұ.Сыдықов тек «Дос-Мұқасан» ансамблінің ғана емес, «Бәйшешек» әдеби бірлестігінің ұйымдастырушысы әрі жетекшісі болған.

Ұлықпан Сыдықов шығармашылық орталыққа өз атының берілуі үлкен жауапкершілік жүктейтінін айтады. Мұнда жастардың талантын, қабілетін жанжақты ашуға барынша мүмкіндік жасалған.

Орталықтың ашылуы барысында елге танымал ғалымдар мен ақын, жазушылар Ұлықпан Сыдықовтың ғылыммен қоса шығармашылықты да алып жүргені жайындағы естеліктерімен бөлісті. Салтанатты шара барысында айтыскер ақын Ринат Зайытов орталықтың ашылуына орай жыр жолдарын жолдаса, қазақ эстрадасының танымал әншісі Мұқасан Шахзадаев ән салып, көпшіліктің көңілін көтеріп тастады.

Айгүл АХМЕТОВА,
«Заң газеті»

МӘСЕЛЕ

МЕМЛЕКЕТ ТІРЕГІ – ЖАСТАР

Жастар мәселесі мен жастар саясаты бүгінде елдегі аса өзекті тақырыптардың біріне айналды. Сапалы білім мен сауатты қоғам, салауатты өмір сүру дағдысын қалыптастыру ісіне қатысты сын көп. Елдегі жұмыссыздықтың бір ұшы да айналып келіп осы мәселеге тіреледі. Білім беру жүйесіндегі келеңсіздіктер, оқу бағдарламалары мен ұстаз беделі, жасөспірім қызығушылығының ескерілмеуі жүйедегі тоқыраудың нақты мысалы. Мәселенің шешімі қандай? Мемлекет білім саласын жаңа заманға лайықтап қайта реформалай ала ма? Жастардың білімі мен қарапайым қарым-қатынастағы мәдени-рухани ізетін қалай нығайтамыз?

Осындай қордаланған мәселелер мемлекеттегі білім беру саласының қайта реформалануына түрткі болғандай. Өткен аптада Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов президент Қ.Тоқаевтың қабылдауында болды. Президенттің білім жүйесіндегі реформаларға қатысты берген нұсқау ұсыныстары БАҚ беттерінен көрініс тауып жатыр. Білім және ғылым саласының әлеуетін көтеру, жастардың патриоттық-рухани құндылықтарын нығайту, жаңа технология, жаңа ғасыр инновацияларына қарай бағыттау – министрліктің алдына қойған жаңа белестер екені айқындалды. Кеше ғана Премьер-Министр Әлихан Смайылов халықты қысқамерзімді оқытумен қамту және кәсіптік білімі бар кадрларды даярлауды ұлғайтуды тапсырды. Бұл да қоғам тарапынан үлкен резонансқа ие болып, бүгінгі талқыдағы тақырыптардың біріне айналған.

«Мемлекет, кәсіпорындар мен оқу орындарының арасындағы жауапкершілік артқанда ғана кадр даярлаудың сапасы қамтамасыз етіледі. Мұны әлемдік тәжірибе де анық көрсетіп отыр. Сондықтан, әкімдіктер колледждер мен кәсіпорындардың өзара тиімді әріптестік орнатуы үшін шаралар қабылдауы қажет. Яғни, колледждерді қамқорлыққа алу, дуалді оқыту жүйесін дамытуға жағдай жасалуы тиіс. Мамандарды алдын ала даярлау үшін «Жаңа кәсіптер атласын» да пайдаланған жөн», – деді Премьер-Министр. Сондай-ақ, ол көпшілік көңілін алаңдатып отырған мәселенің бірі – түлектердің осы оқу орындарын бітіргеннен кейін еңбек нарығында сұранысқа ие бола алуы екендігін де баса айтты.

«Кадр даярлауда мамандарға деген қазіргі сұраныспен қатар, еңбек нарығының болжамды деректері де негізге алынуға тиіс.

Бұл міндеттердің барлығы 2025 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасында ескерілуі керек. Сонымен қатар, Еңбек министрлігі мүдделі мемлекеттік органдармен, әкімдіктермен және «Атамекен» палатасымен бірлесіп, қысқамерзімді оқытуды ұлғайту мәселесін пысықтап, оның тиімділігіне мониторинг жүргізуді қамтамасыз етсін», – деді Әлихан Смайылов.

Жалпы алғанда, Премьер-Министр айтсын айтпасын, елдің білімін арттыру бағытындағы сапаны күшейту негізгі мұрат. Мемлекет білім жүйесіндегі негізгі бағыттар мен керекті мамандықтарды игерту тетіктерін қарастырып жатқан тұста тағы бір мәселе қылаң береді. Ол жастардың алыс жақын шетелдерге кету жоспары. Өкінішке қарай, бұл мәселеге қатысты статистика көрсеткіші өте жоғары.

– Біздің мемлекетіміз жас мемлекеттердің қатарында. Рас, бәрі біз ойлағандай керемет емес, елде әртүрлі қиындықтар бар. Өйткені, 30 жыл мемлекеттілікті қалыптастыру үшін аз уақыт. Қазір елден кеткісі келетін жастар көп. Бұл менің көңілімді түсіреді. Бәсекеге қабілетті, жастары жалынды, білімді мемлекетті кез келген адам өз елінде, өзінің туып өскен жерінде жасау керек. Қазақта «Өзге елде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол!» деген әдемі сөз бар. Жастар елдің жарқын болашағын қалыптастыруды бүгіннен бастау керек. Ертең оның ұрпағы да осы елге иелік етуі үшін бүгін еңбектенген абзал. Мен барлық қазақстандық жастарды осындай игілікті іске мұрындық болуға шақырамын. Мемлекет тағдыры жастардың қолында» – деді кәсіпкер Нұрлан Смағұлов кәсіпкерлермен өткен бір кездесуде. Бұдан біраз жыл бұрын өткен кәсіпкерлер жиынында Арманжан Байтасов та мемлекеттің дамуы мен гүлденуі әрбір қазақстандықтың өз қолында екенін тілге тиек еткен болатын. Бұл мәселелердің көтерілгеніне біраз уақыт өтсе де әлі де өзінің өзектілігін жойған жоқ. Сол жиында сөз алған Арманжан Байтасов Кеңес одағы кезінде өздерінің бизнес бастағанын, ол кезде жағдайдың тіпті қиын болғанын еске алады.

– 90-жылдары бизнес бастау тіпті қиын болатын. Бірақ біз бір-біріміздің қателігімізден сабақ ала жүріп, бір-бірімізге қолдау көрсете жүріп бүгінгі күнге жеттік – десе, Асылбек Қожахмет – жалпы қоғамдағы масылдықты сынайды.

– Тегін балабақша, тегін білім, тегін дәрігер. Бұрын бәрін дұрыс солай болуы керек деп ойлайтынмын. Қазір мен адамдарды екі топқа бөлемін: бірі мемлекетке аузын ашып отырғандар, бірі кәсіпкерлікке ұмтылып жанталасып жүргендер. Масылдыққа үйренген адам туған-туыс, ағайын-бауырдан бастап бәріне алақан жайып отыра береді, ал бизнесмен «маған көмектесудің еш керегі жоқ, маған керісінше өз бетімше әрекет етуіме кедергі келтірмей мүмкіндік беріңдер» – дейді. Осындай адамдар қоғамды дамытады, мемлекетті гүлдендіреді.

Дамыған елдер тарихына көз жүгіртсеңіз, жастары отансүйгіш, еңбекқор, өзін дамытуға құмар, өнер білімге ұмтылған толыққанды азамат. Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев жастарға сенім артқысы келетінін талай мәрте айтты, бүгін де оларға мемлекеттік қызмет тұрғысынан мүмкіндіктер де ұсынып жүр. Осы ретте, бізге жастар саясатын нығайта түсетін әртүрлі әлеуметтік бағдарламалар керек-ақ. Жастар жұмыссыздыққа қарсы бастамаларды өздері көтеріп, әртүрлі альтернативті жолдарды қарастыруға тиіс. Шетелде білім алуға, озық технология мен инновацияларын меңгеруге баруға болар. Бірақ түпкілікті қалып қалу үрдісі құптарлық іс емес. Әр азамат өз отанын көркейтуге ат салысқанда ғана оның мемлекеті дамиды, бәсекеге қабілетті болады.

Ж.ҚҰДАЙБЕРГЕН

ТҮЙТКІЛ

Қарапайым халық өзінің қажеттілігіне несие алып, қарызын өтей алмай шарқ ұрып жүр. Ал, кейбір пысықайлар, несиесін тезірек әрі оңай жолмен жауып тастауға асыққан адамдардың қалтасын қағып, сан соқтырып кетуде. Соңғы кезде киберқылмыскерлердің арбауына түскен адамдар да қалай, қайдан қарыз жамап алғанын білмей дал. Осындай, алаяқтарға тосқауыл қоятын заңның да дәрменсіз болып тұрғаны өкінішті.

АЛАЯҚТАР КӨБЕЙІП БАРАДЫ

Түркістан облысында бір күнде онға жуық алаяқтық фактісі бойынша шағым келіп түсетін кездер болады. Олардың ішінде, әлеуметтік көмек немесе мемлекеттік субсидия алу сылтауымен азаматтарды алдау, біреудің атына несие ресімдеу немесе қомақты несиені жауып беремін, мүгедектікке шығарамын, «ақшаны еселеп көбейту» арқылы кірісті ұлғайту, мемлекет тарапынан қайтарымсыз қаржы алып беремін деген сылтаумен өзгенің қаржысын жымқырған алаяқтардың қылмысы көбеюде. Қарапайым халықтың аңқаулығын пайдаланған облыс аумағындағы алаяқтық мәселесі күн тәртібінен түспей, тіпті, дабыл қағарлық жағдайға жетті. Ең сорақысы, адамдарды алдап, аузын айға қаратып, сан соқтырып кететіндердің басым бөлігін әйелдер қауымы құрап отыр. Енді банктен қомақты несие алып, алған қаржысын оңай әрі аз қаржымен жауып тастағысы келетін адамдардың алдынан осы істің маманы болған әккі алаяқтар кездесе кетеді.

«Қомақты несиеңді аз мөлшердегі қаржыға жауып беремін» деп өзгенің ақшасын алып уәдесінде тұрмай кеткендер көп. Мәселен, қарапайым халықты алдап күн көріп жүрген әккі алаяқтың біріне жуырда Сайрам аудандық полиция басқармасына жергілікті тұрғын арызданды. Жәбірленуші әйелдің сөзіне қарағанда, оның сырттай танысы 2021 жылдың желтоқсан айында «қомақты несиеңді жауып беремін» деп, 6 миллион теңгесін алдап алып, жоқ болған. Арада бірнеше ай өткенімен, алаяқ уәдесін орындамаған не ақшаны қайтарып бермеген. Нақтырақ айтсақ алаяқ, жәбірленуші мен қызының банктерде 9 миллион несиесін, 6 миллион берсеңіз, «толық төленді» деген түбіртек әперемін деп сендірген.

Дәл осындай арызбен жоғарыдағы күдіктіге қатысты полицияға тағы бір егде жастағы әйел арызданған. Бұл жәбірленуші 6 миллион қарызын, 1,5 миллион теңгемен жауып беремін деген танысының сөзіне иланып, сұрағанын берген. Аталған жайттар бір күдіктіге қатысты болғандықтан, полицейлер істі бір өндіріске біріктіріп, ҚР ҚК-нің 190-бабы «Алаяқтық» бойынша тіркеуге алды.

Жәбірленушілерді алдап, несиелеріңді жауып беремін деп сендірген алаяқты ұстау, қылмысты ашу мақсатында сайрамдық сақшылар шұғыл іске кірісті. Алданған әйелдердің жауабына сәйкес полицейлер күдіктінің жеке-басын анықтап, оны тұрғылықты мекенжайынан ұстады. Ол бұрын да алаяқтық жасап, сотты болған жас жігіт болып шықты.

Түркістан облыстық полиция департаментінің дерегіне сүйенер болсақ, күдікті тұрғындардан алдау жолымен алған ақшаны жеке басының пайдасы үшін жаратып жіберген. Қазіргі таңда, «Алаяқтық» бабымен тергеу амалдары жүргізілуде. Күдікті қамауға алынды. Полицейлер оның бұдан да басқа алаяқтық қылмысына қатыстылығын анықтап жатыр.

Кейбір алаяқтар несиеңді жауып беремін деп қомақты қаржыны жымқырса, енді бірі «бірігіп бизнес бастаймыз» деп өзгенің атынан несие рәсімдеп, ол қаржыны қалтасына жымқырып, бас пайдасына жаратып жүр. Осындай оқиғаның бірі Түркістан қаласында орын алды. Түркістан ҚПБ-ның кезекші бөліміне жергілікті тұрғын арызданып, алаяқтың құрбаны болғанын айтып шағымданады. Жәбірленуші әйелдің айтуынша, 2021 жылдың қаңтар айында жақын танысы «бірге жеке бизнес ашамыз» деген сөзіне сендіріп, өзінің атынан 5 млн теңге несие алдырған. Алайда танысы ақша алғаннан кейін жасырынып, берген уәдесін орындамай не ақшасын қайтармай әбігерге салған. Аталған жайт ҚР ҚК-нің 190-бабы «Алаяқтық» бойынша тіркелді. «Осы жайтқа байланысты алаяқтық қылмысын ашу мақсатында полиция бөлімінде тәжірибелі қызметкерлерден жедел-тергеу тобы құрылды. Полицейлер жедел-іздестіру іс-шараларының нәтижесінде күдіктінің жеке басын анықтап, оны полиция бөлімшесіне жеткізді. Ол Кентау қаласының тұрғыны болып шықты. Белгілі болғандай, полиция қызметкерлері ұсталған ер адамның алдау жолымен алған ақшаны өзінің қажеттілігіне жаратып жібергенін анықтады. Қазіргі уақытта аталған жайт бойынша сотқа дейінгі тергеу амалдары жүргізілуде. Тәртіп сақшылары алаяқтың бұдан басқа да қылмыстарға қатыстылығын тексеруде», – дейді Түркістан облыстық полиция департаментінің баспасөз қызметі.

Қазақта «өзіңе өзің берік бол, қоңсыңды ұры тұтпа» деген нақыл сөз бар. Өзгенің сөзіне сеніп қомақты қаржыны өз қолыңмен апарып беріп, сан соғып қалудан сақтанғанымыз абзал.

Раушан НАРБЕК
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ

10. «Free Line Distribution» ЖШС осымен «Сити Плюс басқарушы компаниясы» ЖШС бөліп шығару арқылы өзінің қайта құрылуы туралы хабарлайды.

«Сити Плюс басқарушы компаниясы» ЖШС орналасқан жері мен мекенжайы: Қазақстан, Алматы облысы, Іле ауданы, Ащыбұлақ ауылдық округі, Мұхаметжан Түймебаев ауылы, №235 В өнеркәсіптік аймағы учаскесі, пошталық индексі 040706.

Шағымдар (талаптар) осы хабарлама жарияланған күннен бастап екі айдың ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан, Алматы облысы, Іле ауданы, Ащыбұлақ ауылдық округі, Мұхаметжан Түймебаев ауылы, №235 В өнеркәсіптік аймағы учаскесі, пошталық индексі 040706.

«Сити Плюс басқарушы компаниясы» ЖШС бөлісу теңгеріміне сәйкес «Free Line Distribution» ЖШС құқықтары мен міндеттерінің заңды мұрагері болып табылады.

Бөлісу теңгерімі

Осы бөлісу теңгерімі Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 47-бабы негізінде бөліп шығару түрінде «Free Line Distribution» ЖШС (БСН 090840014956) қайта құрылуына байланысты жасалған. Қайта құрылу нәтижесінде «Free Line Distribution» ЖШС-нан жаңадан пайда болатын «Сити Плюс басқарушы компаниясы» ЖШС бөліп шығарылады. «Free Line Distribution» ЖШС және оның заңды мұрагері «Сити Плюс басқарушы компаниясы» ЖШС арасында құқықтар мен міндеттердің бөлінуі осы бөлісу теңгерімі негізінде жүзеге асырылады. Осы бөлісу теңгерімі бойынша «Free Line Distribution» ЖШС табыстайды, ал «Сити Плюс басқарушы компаниясы» ЖШС келесі құқықтар мен міндеттерді қабылдайды:

АКТИВТЕР	Жолдың коды	Теңгедегі құны		
		“Free Line Distribution” ЖШС бөліп шығаруға дейін	«Сити Плюс басқарушы компаниясы» ЖШС бөліп шығарудан кейін	“Free Line Distribution” ЖШС бөліп шығарудан кейін
1	2	3	4	5
I. Қысқамерзімді активтер				
Ақшалай қаражат және оның баламалары	010	1 344 133,73		1 344 133,73
Сату үшін қолда бар қаржылық активтер	011			-
Туынды қаржы құралдары	012			-
Пайда мен залал арқылы әділ құны бойынша есептелетін қаржылық активтер	013			-
Өтеуге дейін ұстап қалатын қаржылық активтер	014			-
Басқа да қысқамерзімді қаржылық активтер	015			-
Қысқамерзімді саудалық және басқа да дебиторлық берешек	016	2 188 131 507,57	81 646 252,06	2 106 485 255,51
Ағымдағы салық активтері	017	1 457 185,42		1 457 185,42
Қорлар	018	102 121 587,43		102 121 587,43
Басқа да қысқамерзімді активтер	019	299 730 038,67	1 195 975,23	298 534 063,44
Қысқамерзімді активтер жиыны (010-019 жолдар сомасы)	**100**	**2 592 784 452,82**	**82 842 227,29**	**2 509 942 225,53**
Сатуға арналған активтер (немесе шығып кететін топтар)	101			
II. Ұзақмерзімді активтер				
Сату үшін қолда бар қаржылық активтер	110			-
Туынды қаржы құралдары	111			-
Пайда мен залал арқылы әділ құны бойынша есептелетін қаржылық активтер	112			-
Өтеуге дейін ұстап қалатын қаржылық активтер	113			-
Басқа да ұзақмерзімді қаржылық активтер	114			-
Ұзақ мерзімді саудалық және басқа да дебиторлық берешек	115			-
Үлестік қатысу әдісімен есептелетін инвестициялар	116			-
Инвестициялық мүлік	117			-
Негізгі қаражат	118	4 259 025 779,98	1 298 217 903,67	2 960 807 876,31
Биологиялық активтер	119			-
Барлау және бағалау активтері	120			-
Материалдық емес активтер	121	32 112 667,90		32 112 667,90
Кейінге қалдырылған салық активтері	122			-
Басқа да ұзақмерзімді активтер	123			-
Ұзақмерзімді активтер жиыны (110-123 жолдар сомасы)	**200**	**4 291 138 447,88**	**1 298 217 903,67**	**2 992 920 544,21**
ТЕҢГЕРІМ (100-жол + 101-жол + 200-жол)		**6 883 922 900,70**	**1 381 060 130,96**	**5 502 862 769,74**
МІНДЕТТЕМЕ МЕН КАПИТАЛ	Жолдың коды	теңгедегі мөлшері		
		"Free Line Distribution" ЖШС бөліп шығаруға дейін	«Сити Плюс басқарушы компаниясы» ЖШС бөліп шығарудан кейін	"Free Line Distribution" ЖШС бөліп шығарудан кейін
1	2	3	4	5
III. Қысқа мерзімді міндеттемелер				
Қарыздар	210			-
Туынды қаржы құралдары	211			-
Басқа да қысқамерзімді қаржылық міндеттемелер	212			-
Қысқамерзімді саудалық және басқа да дебиторлық берешек	213	93 197 555,46	17 580 458,10	75 617 097,36
Қысқамерзімді резервтер	214			-
Ағымдағы салық міндеттемелері	215	21 272 905,20		21 272 905,20
Жұмыскерлерге сыйақылар	216			-
Басқа да қысқамерзімді міндеттемелер	217	170 150 364,76	95 835 029,53	74 315 335,23
Қысқамерзімді міндеттемелер жиыны (210-217 жолдар сомасы)	**300**	**284 620 825,42**	**113 415 487,63**	**171 205 337,79**
Сатуға арналған шығып кететін топтардың міндеттемелері	301			
IV. Ұзақмерзімді міндеттемелер				
Қарыздар	310	1 759 946 578,95		1 759 946 578,95
Туынды қаржы құралдары	311			-
Басқа да ұзақмерзімді қаржылық міндеттемелер	312	1 466 942 063,37		1 466 942 063,37
Ұзақмерзімді саудалық және басқа да дебиторлық берешек	313			-
Ұзақмерзімді резервтер	314			-
Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері	315			-
Басқа да ұзақмерзімді міндеттемелер	316	3 259 436 000,00	3 259 436 000,00	-
Ұзақмерзімді міндеттемелер жиыны (310-316 жолдар сомасы)	**400**	**6 486 324 642,32**	**3 259 436 000,00**	**3 226 888 642,32**
V. Капитал				
Жарғылық (акционерлік) капитал	410	129 600,00		129 600,00
Эмиссиялық табыс	411			-
Сатып алынған меншікті үлестік құралдар	412			-
Резервтер	413			-
Бөлінбеген пайда (өтелмеген залал)	414	112 847 832,96	-1 991 791 356,67	2 104 639 189,63
Бас ұйымның меншік иелеріне жатқызылатын капитал жиыны (410-414 жолдар сомасы)	420			-
Бақыламайтын меншік иелерінің үлесі	421			-
Капитал жиыны (420-жол +/- 421-жол)	**500**	**112 977 432,96**	**-1 991 791 356,67**	**2 104 768 789,63**
ТЕҢГЕРІМ (300-жол + 301-жол + 400-жол + 500-жол)		**6 883 922 900,70**	**1 381 060 130,96**	**5 502 862 769,74**

3. 010000, Астана қаласы Керей, Жәнібек хандар көшесі, 3 мекенжайында тіркелген «Ұлттық онкология және трансплантология ғылыми орталығы» акционерлік қоғамы Жалғыз акционердің 2022 жылғы 25 наурыздағы №2 шешімімен «Ұлттық онкология және трансплантология ғылыми орталығы» акционерлік қоғамды «Ұлттық онкология және трансплантология ғылыми орталығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне қайта ұйымдастыру жолымен қайта құру туралы шешім қабылданғандығын хабарлайды. Барлық наразылықтарды «Ұлттық онкология және трансплантология ғылыми орталығы» акционерлік қоғамы Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 48-бабымен көзделген сәттен бастап 2 (екі) ай ішінде Нұр-Сұлтан қаласы, Керей, Жәнібек хандар көшесі, 3 мекенжайы бойынша жазбаша түрде қабылдайтынын хабарлаймыз.

7.«Маралды-Шығыс» ЖШС, БСН 041240025745, жарғылық капиталдың азайғаны туралы хабарлайды. Шағымдар ШҚО, Катон-Қарағай ауданы, Жамбыл ауылы, Жастар көшесі, 8 үй мекенжайы бойынша қабылданады. Тел.: 87776749867.

ӘРТҮРЛІ

5. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Спорт және дене шынықтыру істері комитеті «Республикалық спорт колледжі» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны директорының бос лауазымына орналасуға конкурс жариялайды.

1.Функционалдық міндеттері:

қабылданатын шешімдердің кейінгі салдарына, ұйымның мүлкін сақтау мен тиімді пайдалануға, сондай-ақ, оның қызметінің әкімшілік-шаруашылық нәтижелеріне жауап бере отырып, ұйымның өндірістік, шаруашылық және қаржы-экономикалық қызметіне басшылық жасайды; ұйымның саясатын, стратегиясын және оны іске асырудың тетіктерін айқындайды; оқу-жаттығу және тәрбиелік процестерде спорттық-әдістемелік және материалдық-техникалық базаны ұйымдастырады және жетілдіреді; педогогикалық кеңестің жұмысына басшылық жасайды; ұйымның жұмыс жоспарын, спорттық жетілдірудің әртүрлі кезеңдерінде спортшыларды даярлаудың жоспарларын және бағдарламасын бекітеді; барлық құрылымдық бөлімшелердің олардың қызметін жетілдіруге бағытталған өзара тиімді іс-қимылы мен жұмысын ұйымдастырады, сондай-ақ, олардың қызметін жоғары жетістіктер спорты мен бұқаралық спортты дамытуға бағыттайды; жаттықтырушылар, жаттықтырушы-оқытушылар, нұсқаушылар және әдіскерлердің біліктілігін арттыруды, спортшыларды дайындау деңгейін және спортшылардың спорттық шеберлігін арттыру мақсатында дене шынықтыру және спорт саласындағы шет елдің озық тәжірибесін зерделеуді қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдайды; лауазымды тұлғаларға – орынбасарларына, құрылымдық бөлімшелердің басшыларына ұйым қызметінің жекелеген бағыттарын жүргізуді тапсырады; қызметкерлерді қабылдау, ауыстыру, көтермелеу және жұмыстан шығару туралы шешім қабылдайды, ұйымның құрылымын, штаттық кестесін, ұйым қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарын бекітеді; спортшылардың контингентін қалыптастырады, оқу-жаттығу және оқу-тәрбиелік процестері кезінде спортшылар мен ұйым қызметкерлерінің өмірі мен денсаулығын сақтаудың қажетті жағдайларын жасайды; тиісті саланың уәкілетті органдарына ұйымның әкімшілік-шаруашылық және оқу-жаттығу қызметтерінің есебін ұсынады; ұйымның бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры, әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры, өнім берушілер, тапсырыс берушілер мен банктерді қоса алғанда кредиторлар алдындағы міндеттемелерінің, сондай-ақ, шаруашылық және еңбек шарттарының (келісімшарттардың) орындалуын қамтамасыз етеді; сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жұмыстарын ұйымдастырады, сондай-ақ, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын қабылдауда дербес жауапкершілікте болады.

2. Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар:

кадрларды даярлау бағыттары бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім: «Дене шынықтыру және спорт» мамандығы бойынша педагогикалық ғылымдар немесе бизнес және басқару немесе құқық; мамандығы бойынша, оның ішінде дене шынықтыру және спорт саласында басшылық лауазымдарда жұмыс өтілінің кемінде 5 жыл болуы.

3. Білуі тиіс:

1995 жылғы 30 тамыздағы Қазақстан Республикасының Конституциясын; 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Бюджет кодексін; 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасы Еңбек кодексін; Қазақстан Республикасының заңдарын: 2002 жылғы 8 тамыздағы «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» заңын; 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» заңын; 2011 жылғы 1 сәуірдегі «Мемлекеттік мүлік туралы» заңын; 2014 жылғы 3 шілдедегі «Дене шынықтыру және спорт туралы» заңын; 2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңын; 2015 жылғы 4 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алулар туралы» заңын; педагогика, психология және физиология негіздері; еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өндірістік санитария, өрт қауіпсіздігі жөніндегі талаптар.

4. Конкурсқа қатысуға үміткер тұлға конкурс өткізу туралы хабарландыруда көрсетілген мерзімде мынадай құжаттарды ұсынады:

1) конкурсқа қатысу туралы өтініш;
2) мемлекеттік және орыс тілдерінде түйіндеме;
3) еркін нысанда жазылған өмірбаян;
4) білімі туралы құжаттардың көшірмелері;
5) еңбек кітапшасының (болса) немесе еңбек шартының көшірмесі не соңғы жұмыс орнынан жұмысқа қабылданғаны және еңбек шартының тоқтатылғаны туралы бұйрықтардың көшірмелері;
6) «Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттама нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрі міндетін атқарушының 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №6697 болып тіркелді) бекітілген нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама; Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, жұмыс өтіліне, кәсіби даярлық деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми жарияланымдар туралы құжаттардың көшірмелері, сондай-ақ бұрынғы жұмыс орнының басшылығынан ұсынымдар және т.с.) бере алады. Конкурсқа қатысу үшін құжаттарды қабылдау хабарландыру бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған сәттен бастап 15 (он бес) күн ішінде жүргізіледі. Құжаттар қолма-қол немесе пошта арқылы: Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қаласы, Мәңгілік ел даңғылы, 8, «Министрліктер үйі» ғимараты, 15 кіреберіс, 314 кабинет мекенжайы бойынша қабылданады. Толық ақпаратты +7(7172) 74-02-52, 74-06-55 телефондары бойынша алуға болады.

17. Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2022 жылғы 15 сәуірдегі ұйғарымымен «АЛТЫН-ДАН» ЖШС-не, БСН 980440001758, қатысты оңалту рәсімін қолдану туралы іс қозғалды. Заңды мекенжайы: ҚР, ОҚО, Шымкент қаласы, Еңбекші ауданы, 160050, Цурюпа өткелі, 2. Шағым хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, ОҚО, Шымкент қаласы, Еңбекші ауданы, 160050, Цурюпа өткелі, 2. Тел.: 8(7252)44-30-66.

18. БҚО, №2 Орал қалалық сотының өндірісіне Кадыров Нурпейс Жоламановичті қайтыс болды деп жариялау туралы арыз түсті. Арыз беруші: Кадыров Нуржан Жоламанович, БҚО, Орал қаласы, Х.Чурин көшесі, 119 үй, 507 пәтер. Жоғалған адам: Кадыров Нурпейс Жоламанович, 17.12.1976 ж.т., соңғы тұрғылықты жері: Орал қаласы, Тайманов көшесі, 214 үй, 471 пәтер, жұмыссыз, 2-ші топ мүгедегі. Жоғалған Кадыров Нурпейс Жоламанович туралы мәлімет білетін немесе оның қазіргі тұрғылықты жерін білетін тұлғалар 3 айдың ішінде БҚО, №2 Орал қалалық сотына (судья А.А. Саулембекова) мына мекенжай бойынша хабарласуды сұраймыз: Орал қаласы, 5-ші ш/а, 12 үй, тел.: 7112554303.

ТАРАТУ

2. «Golden China» ЖШС (БСН 160140008793) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 150/230 үй, 962 кеңсе. Тел.: 87015155767.

4. «Әлімтау» селолық тұтыну кооперативі, БСН 070240030148, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Оңтүстік Қазақстан облысы, Сарыағаш ауданы, Әлімтау ауылы, Жабаев көшесі, 93 үй. Байланыс телефоны: 87789224553.

6. «Eco-Force Technologies» ЖШС, БСН 130740024187, өзінің жойылғандығы туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, Скоробогатов көшесі, 67/2. Тел.: 87051964322, 87019136282.

8. «Барлау мамандандырылған оқу орталығы» ЖШС ұйымы, БСН 180640009327 (Атырау қаласы, Берқайыр Аманшин көшесі, 72 үй, 80 пәтер, индекс 060000) өзінің жойылғандығы туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Атырау қаласы, «Лесхоз-2» ықшамауданы, 4 көше, 4 үй.

9. «Жуалы-Карасаз» ауылдық тұтыну кооперативі ұйымы, БСН 140740019816, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Жуалы ауданы, Ақбастау ауылы, Береке көшесі, №50 үй. Тел.: 87472201962.

11. «Realcom Techno» ЖШС, БСН 180340022551, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, БҚО, Орал қаласы, «Көкжиек» ықшамауданы, Майқы би көшесі, 39 үй.

12. «Кокше Компани Жер» ЖШС (БСН 140240018909) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан Республикасы, 020000, Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, Момышұлы көшесі, 62 үй, 13 пәтер.

14. «Petro Solution» ЖШС, БСН 210540002146, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Қазақстан Республикасы, Шымкент қаласы, Еңбекші ауданы, Қапал батыр көшесі, Оңтүстік индустриалды аймағы, 119А ғимарат, индекс 160011. Тел.: 87777155554.

15. «Өрт сөндіруші» акционерлік қоғамының филиалы, БИН 140741024481 (Қостанай қаласы, Чехов көшесі, 105А үй, 305 бөлме), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қостанай қаласы, Чехов көшесі, 105А үй, 305 бөлме. Тел.: 87771194315.

16. Пәтер иелері кооперативі «Байтерек аланы» ұйымы, БСН 080540003393, өзінің жойылғандығы туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Атырау қаласы, Әліпов көшесі, 3 үй. Тел.: 87023769355.

13. «URAN KZ» республикалық қоғамдық бірлестігі, БСН 190640016351, «URAN KZ» РҚБ орталық аппараты және оның он екі аймақтық филиалдарының жойылатыны туралы мәлімдейді. БСН 190841003709, Алматы қаласы; БСН 190741002370, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы; БСН 190741009576, Атырау облысы, Атырау қаласы; БСН 190641025396, Қостанай облысы, Қостанай қаласы; БСН 190641026483, Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы; БСН 190641024863, Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы; БСН 210341028465, Солтүстік Қазақстан, Петропавл қаласы; БСН 190741006752, Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы; БСН 190641028003, Түркістан облысы, Түркістан қаласы; БСН 190641024843, Шымкент қаласы; БСН 190641028221, Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы; БСН 190641029705, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы. Талаптар мен шағымдар хабарландыру жарияланғаннан күннен бастап екі ай ішінде төменде көрсетілген мекенжайда қабылданады: Нұр-Сұлтан қаласы, Родниковая көшесі, 1/1 үй. Тел.: +7172728891.

БАНКРОТТЫҚ

19. Қарағанды облысы МАЭС-ның 06.04.2022ж. ұйғарымымен «УАЦЭС БАЛХАШ», ЖШС-не қатысты банкроттығы туралы іс қозғалды.

ҚОЛАЙЛЫ, ТЕЗ ӘРІ АРЗАН

«ЗАҢ ГАЗЕТІ» ЖӘНЕ **«ЮРИДИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА»** БАСЫЛЫМДАРЫНА хабарламаларды енді біздің zanreklama.kz сайтымыз арқылы беруге болады. Қазақстанның кез келген түкпірінен, құжаттар саны өте аз.

Барлық сұрақтар бойынша:
87089299874 (Аян)

ДҮҢГІРШЕКТЕРДЕ САТЫЛЫМДА

«Заң газеті» және **«Юридическая газета»** басылымдары енді **«Караван-Престиж»** Алматы қаласындағы 64 дүңгіршегінде сатылымда болады. Дүңгіршектердің мекенжайларын ғаламтордан табуға болады.

Нұр-Сұлтан қаласында газеттерді **«Алты Алаш»** сауда нүктелерінен таба аласыз. **Тел.: 87015728847.**

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: 8(727) 292-43-43,

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru
zanreklama.kz

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

ЖК «Қандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73 www.gazetyisaity.kz, e-mail: vsegazety@mail.ru Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш. қиылысы, 208 кеңсе.

«KAIROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What’s app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы,Крупская көшесі,61,кеңсе 23.
Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Иляев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

Арлан-консалтинг ЖШС, Семей қ.,К.Мұхаметханов көшесі,23 «А»,104-бөлме.
Тел.: 8 (705) 798-58-18,8(708)4672701

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі,129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17,8(747)8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67,32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынұлы ЖК, Петропавл қ.,К.Сүтішов көшесі,58,30-бөлме,3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57,ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.»,
Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаметінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211,8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05,ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779,e-mail:zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ.,Л.Толстой көшесі,28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы,182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

ЖК «Сагидоллина Б.», 1 Теміржол вокзалы, Р.Зорге көшесі 8,«Лина» шаштаразы. ardawka_94@mail.ru,Тел: 87058762218.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ.,пр. әл-Фараби 119-үй,407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н.Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы,Қазақстан Конституциясы көшесі,28-үй,1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77,8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Servise», Тараз қаласы,Төле би көшесі,73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222,ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы,60. Тел.: 8(7232) 578414,ұялы тел.: 87772256506.

ОҢ ҚАДАМ

СОТ БЕЛСЕНДІЛІГІ АРТТЫ

Былтыр елімізде ҚР Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің қабылдануы сот белсенділігін арттыра түсті. Кодекстегі соттарға берілген еркіндік, жаңа мүмкіндік, тәуелсіздік пен белсенділік уақыт сұранысынан туындап отыр.

Осыған дейін судьяларымыздың сот отырысы барысындағы «бейтараптық ұстанымы» көп нәрсеге мүмкіндік бермейтін. Егер судья артық әрекет жасаса, екінші бір тараптың наразылығын туғызуы мүмкін болғандықтан соттарымыз да сот ісіне араласудан сақтанып тұратын. Ал енді, былтырдан бастап судья әкімшілік процеске қатысушылардың түсініктемелері мен мәлімдемелерін, өтінішхаттарын және олар ұсынған дәлелдемелермен, сондай-ақ, әкімшілік істің өзге де материалдарымен шектелмей, әкімшілік істі заң шеңберінде шешу үшін маңызы бар барлық нақты мән-жайларды жан-жақты әрі объективті түрде зерттеуге мүмкіндігі туды. Судьяға тараптардың бірімен істің жағдаяттары туралы ақылдасуына, екі жақтың дәлелдері мен ұстанымын нақтылауына, дәйектемелерді уақытылы және толыққанды жинауға жәрдемдесуіне рұқсат етілді.

Бұрын судья азаматтық соттардағы сот процесінде ұсынылған арыздарды, шағымдарды немесе іс материалдары аясында баяндалған жағдайларды олардың шеңберінен шықпай зерттесе, бүгінде жаңа заңнамада берілген мүмкіндіктерін пайдалана отырып, өз белсенділігін барынша қолдануға құқылы болды.

Сондай-ақ, судьялардың әлеуметтік желідегі белсенділігі де артқаны байқалады. Бұрын халық судьяларды тани бермейтін болса, қазір соттар әлеуметтік желіге тіркеліп, кейбір сот істерінің нәтижесін парақшаларында жариялап, ондағы түскен сауалдарға дереу жауап беріп, заңнама нормаларын түсіндіріп, кейбір сотқа қатысты түсініспеушіліктерді де желі арқылы дер кезінде шешіп отыруға тырысуда. Соттардың әлеуметтік желідегі белсенділігі де халық пен сот арасын айтарлықтай жақындата түсті.

Сот белсенділігі дегенде олардың сот шешімін оқыған соң бұрынғыдай сот залынан бірден шығып кетпей, тараптарға сот актілерін түсіндіруге тырысуы да саладағы оң өзгерістердің бірі болып отыр. Бұрын сот шешіміне, кейбір сот терминдеріне түсінбегендіктен халық арасында қайта арызданушылар көп болса, қазір оның да едәуір азайғанын, ал бұл өз кезегінде сот жүктемесінің азаюына ықпал еткенін статистика байқатып отыр. Демек, соттардың белсенділігі сот саласын дамудың жаңа бір кезеңіне көтеріп, халықтың сотқа деген сенімін де арттыра түсті. Ашықтық пен жариялылыққа негізделген сот саласының мұндай оң өзгерістері сот жүйесі үшін қажет екенін тәжірибе көрсетіп отыр. Судьялардың белсенділігі азаматтық сот өндірісінің үздік әлемдік тәжірибесіне де сәйкес келіп отырғанын айта кету керек.

Ғалия КАСЫМОВА,
Алматы қалалық әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі ауданаралық сотының судьясы

БІТІМ

Ата-бабалардың ел ішінде туындаған даулы мәселені шешу үшін би-лерге жүгінгені бізге тарихтан мәлім. Бүгінде би-қазылардың орнын заманауи сот төрелігі институты, яғни, соттар басты.

ЫНТЫМАҚ ТҰҒЫРЫ

Дегенмен, дауласушы тараптарды сотқа жеткізбей, алдын ала өзара татуластырып, бітімге келтіруші бейтарап медиаторлар арқылы дауды шешу мүмкіндігі бүгінде өзекті болып отыр.

Медиация сот процесімен салыстырғанда уақыт және қаражатты үнемдеу жағынан да тиімді. Мәселен, жақында облыстық сот алқасында Түркістан облысының мамандандырылған экономикалық сотының талап қоюшы «О» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің «Р» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне қарыз ақшаны өндіру туралы азаматтық ісі қаралған.

Аталған соттың шешімімен талап қоюы ішінара қанағаттандырылып, талап қоюшының пайдасына 35 325 873 теңге, мемлекетке 1 059 776 теңге баж салығы өндіріліп, талап қалған бөлікте қанағаттандырусыз қалдырылған.

Сот шешіміне жауапкер келіспей, оның күшін жойып жаңа шешім қабылдау жөнінде апелляциялық шағым келтірген.

Осы дау бойынша облыстық сот татуласу рәсімін екі жаққа да тиімді боларлықтай етіп қолданды.

Процесс кезінде облыстық соттың татуластырушы-судьясының үйлестіруімен тараптар келісімге келіп, онда жауапкер «Р» ЖШС өндірілген сомадан тек қана 20 000 000 теңгені мойындайтынын, үш күннің ішінде аталған соманы талап қоюшының есеп-шотына аударып беретінін, ал талап қоюшы «О» ЖШС өз тарапынан жауапкердің міндеттемесімен келісіп, талап арыздан бас тартып, азаматтық істі өндірістен тоқтатуды сұраған.

Осылайша, дау бітіммен шешіліп, талап қоюшыға төленген мемлекеттік баж сомасы толық көлемде қайтарылған.

Медиацияның тағы бір ізгілігі – сот процесі нәтижесінде соттың шешімі шығып, ол тараптармен міндетті түрде орындалуға жатады.

Медиатор тараптарды ортақ мәмілеге келтіре алмаса, онда дауды сот арқылы шешу мүмкіндігі сақталатынын айта кеткен жөн. Медиаторлардың жасайтын мәмілесі екі тараптың да ортақ келісімге келуіне негізделген. Бұл ретте, дауласушы тараптардың алдағы уақытта бір-біріне наразы емес, жылы қатынаста болуы жиі кездеседі.

Отбасылық жанжалдарды да медиациямен шешудің маңызы үлкен. Себебі, отбасылық даудамайға қатысты ең жиі кездесетін ажырасу фактілерінің алдын алу немесе ерлі-зайыптылар ажырасқан жағдайда арадағы балалардың тағдыры үшін екі тараптың арасында ортақ мәміленің, жақсы қатынастың болуы айрықша маңызға ие.

Кейінгі жылдары елімізде медиация институтын дамыту, сотқа дейінгі және соттағы татуластыру рәсімдерін жандандыру шаралары мемлекеттік деңгейде үлкен қолдауға ие және соңғы жылдары қарқынды түрде дамып келеді.

Аят АЛШЫНБАЕВ,
Түркістан облыстық сотының судьясы

КӘСІПТІК БІЛІМ

Шымкент қаласында экономика салаларын білікті мамандармен қамтамасыз ету, техникалық және кәсіптік білім беру бағытында кадрлар даярлауда іс-шаралар жоспары әзірленген. Қазіргі таңда қалада техникалық және кәсіптік білім беру мекемелерінде 34 961 студент білім алуда. Жалпы, 10 сала, 75 мамандық, 166 біліктілік бойынша мамандар даярлау жолға қойылған.

12 МЫҢҒА ЖУЫҚ ШӘКІРТ ТЕГІН БІЛІМ АЛАДЫ

«Білімді ұлт» ұлттық жоспарына сәйкес, шаһарда 2022–2023 оқу жылына 16 466 шәкіртті қабылдау жоспарланып отыр: мемлекеттік тапсырыс бойынша 11 704 орын (70 пайыз), ақылы негізде 4 762 (30 пайыз) орын. Мемлекеттік тапсырыс аясында қажетті мамандықтар бойынша 9 сынып (8193) және 11 сынып бітірушілері (3 511) тегін оқумен қамтылады. Мемлекеттік тапсырыс көлемі өткен жылдан 7 173 орынға артқан.

Қалалық білім басқармасының салааралық іс-шаралар жоспарына сәйкес, бұл бағытта кадрлар даярлауға сұранысты қалыптастыру, дуалды оқыту жүйесін дамыту, қысқа мерзімді оқыту, бітіруші түлектерді жұмысқа орналастыру іс-шаралары жүргізілуде.

2022 жылы үшжақты келісімшарт негізінде (әкімдік, колледж, кәсіпорын) 15 кәсіпорын 11 мемлекеттік колледжді қамқорлыққа алды. Шымкент қаласындағы 30 колледж жанынан Индустриялдық кеңестер және 28 қамқоршылық кеңес (11 мемлекеттік, 17 жекеменшік колледждерде) құрылды. 8 колледжде 2520 студент (11,3 пайыз) дуалды оқытумен қамтылған. Дуалды оқытумен қамтылған студенттер санын 2025 жылға қарай 42 %-ға жеткізу жоспарда. 2022 жылы бітіруші түлектерді жұмысқа орналастыру жоспары әзірленген. Жалпы, 8468 бітіруші болса, оның ішінде жұмысқа орналасатыны – 7 197 (85 %), жоғары оқу орындарына түсетіні – 501 (5,9 %), әскерге кететіні – 162 (1,9 %).

Сонымен қатар, 11 колледж қысқа мерзімді оқытуды талапқа сай атқаруға дайын. Биыл сәуір-шілде айларында қала колледждері жұмыс берушілермен бірлесе 180 білім беру бағдарламаларын жасап, сараптамадан өткізеді.

Дуалды оқыту форматы бойынша 14 колледжде 5 900 студент қамтылады. Қосымша 58 кәсіпорынмен келісімшарт түзіледі. Бітірушілердің жұмысқа орналасу көрсеткішін кемінде 85%-ға жеткізу көзделуде.

Жалпы айтқанда, ірі кәсіпорындардың аса қажетті мамандықтарына талдау жасалып, өңірдегі білім беру ұйымдарының білікті кадрларын жаңа жұмыс орындарына ұсыну жұмыстарын ұйымдастыру, әлеуетті жұмыс берушілермен бірлесе «Бос орындар жәрмеңкесін» жүйелі түрде өткізу басты назарда тұр.

Шымкент қаласы әкімдігінің баспасөз қызметі

КӨКЖИЕК

БІЛІМ мен БОЛАШАҚҚА ЖОЛ АШҚАН ҚазҰУ

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ – білім саласында және ғылыми жұмыстарда тәжірибесі мол бірден-бір жоғары оқу орны.

Университеттің мыңдаған түлектері еліміздің аумағы мен алыс және жақын шет мемлекеттердегі өндірістің барлық салаларында табысты еңбек етуде. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ республикамыз бойынша ерекше мәртебесі бар және жетекші классикалық университет, жоғары кәсіби, жоғары оқу орнынан кейінгі білім мен ғылымды инновациялық дамытудың ұлттық көшбасшысы, еліміздің жоғары оқу орындары арасындағы бірінші Қазақстан Президентінің «Сапа саласындағы жетістіктері үшін» сыйлығының иегері.

Халықаралық білім беру және ғылым кеңістігінде өзіндік қалыптасқан орны мен жоғары айтарлықтай маңызы әрі ерекшелігі бар ҚазҰУ ғылыми әлеуетті дамытуды, сапалы білім беріп, саналы ұрпақты тәрбиелеп шығуды қолға алып, әлемдік сахнада өзін көрсете білген еліміздің ең үздік білім ордасының бірі әрі бірегейі. Бүгінгі күннің өзінде оқу орнында 27 мың студент білім алуда.

Қазіргі таңда университет құрамында 16 факультет, 67 кафедра, 32 ғылыми-зерттеу институты мен орталық, технопарк қызмет атқарады. 2 мыңнан астам профессор, докторлар, ғылым кандидаттары мен философия докторлары, 100-ден астам академиялардың академигі, 30-ға жуық Қазақстан Республикасына Еңбек сіңірген қайраткер, 30-дан астам Қазақстан Республикасының мемлекеттік және атаулы сыйлығының лауреаттары, сондай-ақ, 40 жас ғалым, түрлі сыйлық лауреаттары мен 45 мемлекеттік ғылыми стипендиялардың стипендианты еңбек етеді

Кредиттік технологияның мәні – академиялық бағдарламалардың икемділігі мен әрбір студент үшін оқудың жеке траекториясын таңдау мүмкіндігінде. 2008 жылы университетте бірінші рет бакалавриаттағы 2726 пән қамтылатын 60 мамандық үшін қазақ және орыс тілдерінде элективті курстардың каталогтары қалыптастырылды. Бұл студенттердің әр деңгейдегі оқыту аясында оқу пәндерін шын мәнісінде таңдап алуына жағдай тудырады.

ҚазҰУ ғылыми инфрақұрылымының негізі – республикадағы іргелі зерттеу бағдарламалары жалпы мөлшерінің елу пайызы жүргізілетін 20 ғылыми-зерттеу институты мен халықаралық ғылыми орталық. Университет жанында сонымен қатар колледж, біліктілікті көтеру институты және түлектері қосымша әскери мамандық алып шығып – ұлттық қарулы күштері қатарында, ішкі істер және ұлттық қауіпсіздік органдарында, кеден қызметі мекемелерінде қызмет етуге мүмкіндік беретін әскери кафедра жұмыс істейді.

ҚазҰУ әлемнің ең үздік жоғары оқу орындарының қатарында және ғылыми зерттеулер мен әдістемелерді жүргізуде жоғары деңгейдегі технологияларды пайдаланатын, оны қоғамда және экономикада ұтымды жүзеге асыратын алдыңғы қатарлы заманауи университет.

Жоғары оқу орындарының бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етуде білім сапасы маңызды рөл атқаратынын ескере келіп, университет қолға алған «классикалық университеттен зерттеу университетіне көшу» жобасында білім-ғылымды, инновациялық өндіріс және магистратура мен PhD докторантурада білім алушылар санының өсуі көзделген. ҚазҰУ Қазақстан бойынша магистранттар мен докторанттардың саны жағынан көш бастап тұр.

ҚазҰУ – бәсекеге қабілетті, дарынды студенттерді біріктіріп отырған құтты мекен, сыйластық пен шынайы достықтың мекені. ҚаҰУ – өзінде білім алатын, еңбек ететін әр адамның тұлға болып қалыптасуына ықпал етіп, жан-жақты қабілетін дамытуға мүмкіндік беретін мекен. Ұлттық университетпен өз тағдырын байланыстырған әрбір адам болашағына үлкен сеніммен қарайды және бұл үшін ұлттық университет әрқашан қолдау көрсетуге дайын.

Д. ҚҰСАИНОВ,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ заң факультеті мемлекет және құқық теориясы мен тарихы, конституциялық және әкімшілік құқық кафедрасының доценті, з.ғ.к.
А. КУСАИНОВА,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ заң факультеті азаматтық құқық, азаматтық іс жүргізу және еңбек құқығы кафедрасының аға оқытушысы

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор
Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ
Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**
Нөмірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:
«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Нұр-Сұлтан	Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.
Алматы облысы	Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы	Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83.
Атырау облысы	Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы	Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы	Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.
Түркістан облысы	Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59. Шадияр Мекенбайұлы 87757335665
Батыс Қазақстан облысы	Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz

E-mail: zanreklamaastana@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 8019 дана
Апталық таралым 16 038 дана

Тапсырыс №54 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын ZANMEDIA.KZ сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31